

Абдрахманова А.Т.

ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

нәніне арналған оқу-әдістемелік құралы

«Туран-Астана» университеті

КІТАПХАНА

Инв.№

67805



TECHSMITH

Алматы, 2023

ӘОЖ 159.9 (075.8)

КБЖ 88.4я73

А 14

Пікір жазғандар:

Кенжебаев Т.К. – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, п.ғ.д.

Көшербаева Ғ.Н. – М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.

Аязбаева Т.А. – Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, п.ғ.к.

А 14 Абдрахманова А.Т.

Заң психологиясы пәніне арналған оқу-әдістемелік құралы /
А.Т. Абдрахманова. – Алматы: TechSmith, 2023. -106 б.

ISBN 978-601-310-017-3

Құбыққа қатысты мәселелді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейтін жалпы психологиясының бір саласы – заң психологиясы.

Оқу құралында заң психологиясы ғылымының зерттеу ерекшелектерің, адамдардың психикасын зерттейтін қарым-қатынас және адамдардың құқықтарын бағыттау арқылы жасалатын іс-әрекет туралы көрсетілген. Құрал «Заң» факультеті және «Психология» мамандығының білімгерлеріне арналады.

ISBN 978-601-310-017-3

ӘОЖ 159.9 (075.8)

КБЖ 88.4я73

© Абдрахманова А.Т., 2023

© TechSmith, 2023

КІРІСПЕ

Заң психологиясы — психология ғылымының аса маңызды және күрделі бір саласы.

Психология ғылымының бұл саласынан жинақталған аса қызықты материалдарды жаңғыртып, оларды қазіргі кезде өмір тәжірибесінде белгілі жүйеге келтіріп, тың мәселелерді шешуде тәжірибенің пайдасы мен маңызы айрықша екендігі ешқандай күмән тудырмайды.

Заң психологиясын ғылыми пән ретінде жоғарғы оқу орындарында оқытылуы тек арнаулы білім беретін факультеттерде ғана емес, сондай-ақ өзінің арнайы мамандығы мен білімін әр тарапты дамытуға ұмтылатын өркениетті азаматтарға да қажетті пән.

Заң психологиясы ғылыми пән ретінде жоғарғы оқу орындарында психолог, педагог—психолог, заң мамандықтарына міндетті оқыту курсы. Осы пәнде негізгі қойылатын мәселелер — ол тергеуші немесе айыптаушы т.б. заң органдарының қызметкерлерінің қолданатын бірден-бір әрекеті. Яғни, алдында отырған қылмыскердің қандай іс-әрекет қолдану арқылы жасаған қылмысын жасыру немесе жауаптан бұлтарту, сондай-ақ айғақты заттардан бас тарту сияқты әрекеттерін ашу жолында заң психологиясы үлкен роль атқарады. Сондықтан кез-келген заң қызметкері, заң психологиясын білуі қажет.

Заң психологиясы басқа да ғылымдар сияқты жан-жақты тексеру тәжірибелеріне сүйенеді.

Заң психологиясы — заң психологиясының құбылыстарын анықтайды.

Заң психологиясы — заңгерлік және психологиялық білімнің, ғылымның синтезі, онда құқықты қолданумен, құқықты сақтаумен және адамның мінез-құлқымен байланыстырады.

Заң психологиясы тергеудің психологиялық аспектілерімен, куәгер жауаптарының талдауы, куәгерлік көрсетулерді, жауап алуға қойылатын талаптарды талдаумен байланысты проблемаларды зерттейді. Бұл сала сондай-ақ, қылмысты адамның психологиялық ерекшеліктерін,

қылмыстың жасалу себептерін, тұтқынның психологиясын және еңбекпен түзеу колонияларының тәрбиелік әсерінің тиімділігін зерттейді.

Заң психологиясында жеке категориялық өзінің жүйесі, логикалық жауаптылық құқықтық реттелуде адамның сферасы бекітілген. Ол бес бөлімнен тұрады, әрқайсысы өзіне тән әдістемелік жауаптылыққа ие.

1. Құқықтық психология.
2. Қылмыстық психология
3. Сотта іс жүргізу психологиясы
4. Түзетуші психологиясы
5. Азаматтық құқықтық реттелу психологиясы.

Заң психологиясы пәні туралы қазақ тілінде жазылған алғашқы әдістемелік құралдардың бірден-бірі болғандықтан кемшіліктер болса алдын-ала қойылған сындарға рахметімді айтамын.

І БӨЛІМ. ҚҰҚЫҚТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ

ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

Заң психологиясы көптеген ғылыми ілімдерден тұрады, және де психологияға қандай қатынасы бар болса, юристпруденцияға да сондай қатынасы бар.

Құқық әрқашанда адамның іс-қимылымен байланысты. Сондықтан да бұл түсінікті мынандай жүйемен түсіндіреміз:

«Адам-құқық» және «Адам-құқық-қоғам».

Адам қоғамның белсенді мүшесі бола тұрып, әрекеттер жасағанда белгілі бір ережелерге сүйенеді. Ережелер іс-әрекет нормалары деп аталып, сол адамдардың өздерімен бекітіліп, сол қоғамның мүддесін қорғайды. Іс-әрекет нормалары әдетте техникалық және әлеуметтік болып екіге бөлінеді.

Техникалық нормалар адамның табиғи ресурстарды, еңбектің затын реттейді. Ал әлеуметтік нормалар адамдар арасындағы қатынастарды реттейді. Әлеуметтік нормалар әдет-ғұрпы, мораль, құқық сияқты нормалардан тұрады және белгілі бір қоғамға пайдалы іс-әрекетке шақырады.

Заң психологиясының жалпы психологиядан ерекшелігі – жалпы психология адамның жан дүниесін зерттесе, заң психологиясы қатынас өргігенде құқықтың реттелуін зерттейді.

Заң психологиясы - психологиялық заңдылықтарды «адам-құқық» жүйесінде зерттейтін және осы жүйенің эффективтілігін арттыруға бағытталған ғылыми-практикалық пән.

Заңгердің психологиялық мәдениеті психологиялық білімдерден, оның ішінде жеке тұлға психологиясынан, заң еңбектер психологиясынан, заңды қызметкердің психологиялық мінездемелерінен және де сөйлесу процесінде осы білімдердің дұрыс пайдалануынан тұрады.

Заңгерлер міндетті түрде өздерінің күші мен қабілеттерін барлық жұмыс күнінде дұрыс пайдалануы керек. Сол кезде ғана олардың еңбегінің жемісі артып, өз ісінің маманы болған кезде ғана айғақты дәлелдемелерді ала алады.

Заңгерлер төмендегі қасиеттерге ие болған жағдайда ғана, өз ісінің маманы бола алады, олар:

1. ақылы мен мінезінің сай болуы;
2. есте сақтау қабілетінің күштілігі;
3. шыдамдылық пен өзін ұстауы;
4. әділеттілігі;
5. ұйымдастырушылық қабілетінің болуы;
6. қылмыстық іс жүргізудегі айыптаушының,
7. жәбірленушінің және куә болған адамның психологиясын білуі.

Психикалық жағдай да жәбірленушінің де айыпталушының, куәгердің мінез ерекшеліктері сияқты жалпы психологиялық және психофизиологиялық заңдарға сүйене отырып дамиды.

Заң психологиясының пәні осындай жағдайларды көре білу, шындықты анықтау жолында олардың құқықтық мағынасын зерттеу, және психологиялық жолмен құқық нормаларының бұзылуына жол бермеу болып табылады.

Сот, тергеуші, прокурор мен қорғаушы, тәртіптілік түзеу колонияларындағы тәрбиешілер, яғни бүкіл заң қызметкерлері психологиялық білімдермен қарулануы керек. Бұл оларға күрделі де қиын жағдайларда келіспеушіліктерді дұрыс шешуге көмектеседі.

Қылмыстылықтың жоғары деңгейде өсуі, және оның аса қауіпті формаларының дамуы оның ішінде: ұйымдасқан қылмыскер, кісі өлтіру, тапсырыспен кісі өлтіру т.б. құқық қорғау органдары жүйесінің қызметінің сапасын жоғарлатуды талап етеді.

ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Әрбір ғылымның өзінің пәні болады және оған сәйкестендірілген ғылыми зерттеу әдістері болады. Зерттеудің қандай жерлерде болып жатқанына қарамастан, ғылыми зерттеулерге мынандай талаптар қойылады:

1. Оқылып отырған құбылыстың дамуы зерттелуі керек.
2. Ғылыми зерттеу объективті түрде болуы керек.

Заң психологиясы – адамның ұйғару мәселесі мен бірыңғай жүйенің элементі ретіндегі құқықты қарастыратын ғылыми пән.

Жүйелік тәсілдің негізі – жеке тұлғаның құрылымы мен құқықтық норманың жүйесін байланыстыра отырып, әрекет процессін зерттеу. Тек жүйелік тәсіл ғана бұл құрылымның ара қатынасын кең түрде саралай алады және мұндай әрекеттің негізгі психологиясының заңдылығын айқындайды.

Заң психологиясы үшін маңызды, әрі өнімді жүйелі принциптің бірі – иерархиялық жүйе. Бұл принцип әрекеттестігін үйрететін көп дәрежелі ұйымдарға көңіл бөлуді талқылайды.

Заң психологиясын және еңбек құқығының психологиясын оқуда, оның субъектісі - жеке тұлға құқық қорғау әрекетінде, құқықтық қатынастың қатысушысы ретінде роль атқарады. Бұл тұрғыда оны юриспруденция, философия, психология және т.б. ғылымдары оқытады.

Заң психологиясының міндеті болып – бірінші кезектегі әрекетте психологияның заңнамасын анықтау керек және құқықтық қадағалау кезінде жеке тұлғаны бақылау, құқық қорғау әрекетінде қарқындылықты жоғарлату бойынша тәжірибелік сипаттаманы саралау.

Бұл пән әдісінің айырмашылығы – жеке тұлға құқық бұзуда, сот және тергеу материалы бойынша қайта құру процессінде анықталады. Бұл психологиялық заңнаманың толық ретін танып шығуға мүмкіндік береді.

Заң психологиясының әдістемелік қағидасының бірі – жеке адамды ықпал ету.

Заң психологиясы әрқашанда зерттеудің объектісі ретінде жеке адамды алады. Бұл жеке адамның құрылымын құрастыруға және оның құқық қорғау әрекетінде қылмыстық жағдайын анықтауға жол береді.

Заң психологиясының ең негізгі мәселесінің бірі – ішкі жеке алғы шарттардың бөлінуі, яғни криминалдық дербес қасиеттері мен шарттарының бөлінуі.

Әрекет – бұл психологиялық категорияның ең негіздерінің бірі.

Әдістерді топтастыру.

Зан психологиясы юриспруденция мен психологияның әдістерін, сонымен қатар, жалпы заңдылықтың мәнін ашу үшін кең түрде қолданылады. Бұл әдістерді мақсаты бойынша топтастыруға болады және оның мақсаты бойынша сот психологиясының әдісін үш топқа бөлеміз:

1. **Ғылыми зерттеудің әдістері.** Мұның көмегімен қоғамдық қатынастағы (психикалық заңдылық) құқық нормасымен бағыттаудағы психикалық заңдылық, сонымен қатар тәжірибедегі негізгі ғылыми түсініктер оқытылады.
2. **Жеке тұлғаға психологиялық әсер ету әдісі.** Бұл әдістер адамдармен, қылмыспен күресуші адаммен жүргізіледі. Бұл әдісті қолданудың көлемі қылмыстық іс жүргізу мен этиканың шегімен шектеледі. Бұл әдіс қылмыстық әрекетті ескерту, қылмысты ашу және оның мақсатын ашуды, қылмыскерді қайта тәрбиелеуді, олардың әлеуметтік қоғамға үйренуін мақсат етеді.
Жеке тұлғаға психологиялық әсер ету әдісі психологияның ғылыми әдістеріне негізделі отырып, криминалистикамен, криминологиямен, еңбекті түзеу құқығымен және т.б. пәндермен өте тығыз байланысты.
3. **Сот психологиялық сараптаманың әдісі.** Бұл әдістің мақсаты – сот және тергеу органдардың үкімі бойынша сарапшы – психологпен жүргізілетін толық және объективті зерттеу.

Сот психологиялық зерттеуде қолданылатын негізгі әдістер мыналар:

- Қылмыстық іс материалдарының психологиялық анализінің әдісі
- Биографиялық әдіс
- Табиғи эксперимент және бақылау әдісі
- Жеке тұлғаның индивидуалдық – психологиялық негіздерін оқытудың құрылымдық әдісі.

Соңғы әдіске біріншіден, сараптама әдісінің әртүрлі нұсқалары, сонымен қатар әртүрлі тесттік әдістер, анкеталар, сұрақ қағаздар жатады.

Авторлардың бірқатары қоғамға қарсы істердің құрылымының 3 кезеңін ажыратады:

- А) қоғамға қарсы бейімделуімен жеке тұлғаның қалыптасуы;
- Б) жеке тұлғаның қоғамға қарсы әрекетіне қатысты нақты шешімі бойынша қалыптасуы;
- В) осы шешімнің жүзеге асуы.

Сарапшы – психологтың алдында психологиялық детерминанттың әрбір кезеңге сай болуы туралы:

Бірінші кезеңде сана сезімінің, өзіндік бағалаудың шынайы өмірлік мақсаттық даму негізінің, өнегелі нормативтік орнатудың қалыптасуын талдау қажет.

Екінші кезеңде эксперттік шешімді қабылдау тәсілінің негізі зерттеледі.

Үшінші кезең – қоғамдағы әрекеттердің қалыптасу кезеңі, яғни оның іске асырылуы.

Сонымен, психолог – эксперттік қызметтің ауқымды және көп жоспарлы екенін ескере отырып, психологиялық әдістерден жеке тұлға туралы сенімді және бағалы мәлімет алуға болатындығын білуге болады.

Заң психологияның өзіндік әдісіне қылмыстық әрекеттің психологиялық анализі де ықпал етеді.

Заң психологиясы үшін белсенді мәселесінің бірі – психоанализ әдісі. Психоанализ – қылмыстық мінез-құлықты күрделі қақтығыс кезінде шынайы себептерді зерттеуде кең еріс алған.

Зерттеу жолына қарай заң психологиясы келесі әдіс-тәсілдерді ұсынады. Жалпы заң психологиясының мынадай әдістері бар: эксперименттік әдісі, бақылау әдісі, сұхбаттасу әдісі, анкеталық әдіс.

Эксперименттік әдіс – көптеген ғылымдардағыдай заң психологиясында негізгі әдіс болып табылады. Бұл әдіс лабораториялық және табиғи әдіс болып екі түрге бөлінеді.

Лабораториялық эксперимент ғылыми зерттеулерде, сонымен қатар қылмысты адамның психологиясын зерттегенде қолданылады.

Лабораториялық эксперимент арнаулы жайда жүргізіледі. Жүргізу кезінде сыртқы әсер ерекшеліктері мен адамның оған жауап ретіндегі психикалық күйін айнытпай жазып алып отыратын құрал-жабдық қолданылады.

Табиғи жағдайдағы экспериментті жүргізу кезінде алдын ала қылмысты адамның белгілі іс-әрекеттері зерттеледі және онда қандай психикалық ерекшеліктер айқынырақ көрініс беретіндігі анықталады.

Бақылау әдісі. Бұл әдістің негізі – зерттеу процессінде адамның қарапайым әрекеті бұзылмайды. Сонымен қатар, объекті түрде қорытынды алу үшін шарттарды сақтау керек, бақылаудың заңнамалары бағдарламасын құру, қорытындыларды дұрыс белгілеу, ең бастысы – бақылаудың орнын анықтау және оның тұлғалар арасындағы маңызы.

Сұхбаттасу әдісі. Бұл әдісті қолданғанда әңгіме мақсатын алдын-ала айқын анықтау және негізгі сұрақтарды әзірлеу өте маңызды. Әңгіме кезінде қылмысты адамның өткен өмірі, оның тұратын үй ішінің жағдайы, оның жолдастары, жан-ұясы туралы білуге және мүддесі мен мұратын анықтауға болады.

Сұхбаттасу әдісі барысында сұрақтардың негізгі мазмұны мен бағытын сақтай отырып, берілген жауаптарға сәйкес оларды түрлендіру қажет.

Сұхбаттасу кезінде әңгіменің бүкіл барысында жаймашуақ, ықыласты жағдайды сақтаудың маңызы аса зор.

Сұхбаттасу әдісінің негізгі кемшілігі сол, мұнда сыналатын адамның психикалық ерекшеліктері туралы тұжырымды оның өзі берген жауабы негізінде жасауға тура келеді. Сондықтан бұл әдісті өз алдына жеке пайдаланбайды, басқа әдістермен толықтырып отырады.

Анкеталық әдіс.

Анкеталық әдісті пайдаланған кезде сұрақтар мазмұнының айқындылығының және олардың дұрыс құрылуының, анкетаны толтыру тәртібі жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаудың, алынған материалдарды сандық және сапалық жағынан үлкен маңызы бар.

Анкеталық әдістің артықшылық қасиеті – дұрыстығы «көп сан заңымен» анықталатын көлемі үлкен материал алуға

болатындығында. Өкінішке орай бұл әдіс үстінде, әдетте алынған деректерді, алынған жауаптарды сапалық жағынан талдау қиындайды және жауапты сыннан өтетін адамдардың (қылмыскерлердің) іс-әрекетімен және мінез-құлқымен салыстырудың мүмкіндігі жоқ.

ЖЕКЕ АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Жеке адам дегеніміз - қоғамның мүшесі ретіндегі адам. Әр адамның рухани байлығы оның басқа адамдармен байланысының алуан түрлілігіне өмірге белсене қатысуына байланысты болады.

Жеке адам қоғамдық қатынастардың әрі объектісі, әрі субъектісі.

Жеке адам психологиясының қалыптасуына, сонымен бірге оның өзі кіретін әлеуметтік топтың психологиясы да әсер етеді.

Жеке адам - қоғамдық-тарихи категория. Оның қоғамдық мәні мен әлеуметтік функциясы жеке адам сипаттамасының ең басты көрсеткіштері болып табылады.

Жеке адам - тек қана қоғамдық ғылымдардың: тарих, философия, социология, этика, эстетика, психология, педагогика тағы басқалардың зерттеу объектісі.

Жеке адам - қоғамда белгілі бір жағдайға ие және белгілі бір қоғамдық роль атқаратын, саналы индивид. Роль дегеніміз - жеке адамның атқаратын әлеуметтік қызметі, мәселен, ата-ананың ролі - балаларын тәрбиелеу, мектеп директорының ролі-мұғалімдер ұжымын басқару және оқушыларды оқыту процесін ұйымдастыру.

Жеке адам теориясын жасауда отандық психологияда тұңғыш рет қатынастар проблемасын күн тәртібіне қоюшы және қатынастар жүйесінің өмірдің әлеуметтік жағдайларына тәуелділігін нақтылы көрсетіп берген орыс психологы А.Ф.Лазурский еңбектерінің маңызы зор.

Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие

арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Жеке адам санасының дамуы қоғамның дамуымен байланысты.

Эмоция және ерік

Жеке адам өмірінде эмоциялық күйлердің үлкен мәні бар. Олар белгілі бір кезеңдерде адамның бүкіл психикалық әрекетіне оң беріп, алуан түрлі көңіл күйінде аффектілік жағдайда көрініс береді. Эмоциялық күйлердің бәрі өткінші сипатта болады.

Педагогикалық қызметте белгілі бір көңіл күйі оқу процесінің өзінен, оқушылар мен оқытушы арасында қалыптасқан қатынастан, сабақты жүргізгенде мұғалімнің өзін-өзі қалай ұстайтындығынан туады.

Эмоциялық ерекшеліктерге эмоциялық қозғыштық, эмоциялық албырттық пен аффектілік, эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық реакцияның күші, қарқыны мен ырғағы, эмоциялық сергектік жатады. Эмоциялық ерекшеліктердің көріну дәрежесі түрліше болады, ол біреулерде өте эмоциялық тез қозғыштық күйде көріне берсе, енді біреулерде өте эмоциялық бей-жай күйден көрініс береді.

Жеке адамның эмоциялық ерекшеліктері қосыла отырып, эмоциялық процестердің динамикалық жағын көрсететін эмоциялық-аффекттік еріс құрайды.

Эмоциялық ерекшеліктерге эмоциялық қозғыштық, эмоциялық албырттық пен аффектілік, эмоциялық тұрақтылық, эмоциялық реакцияның күші, қарқыны мен ырғағы, эмоциялық сергектік жатады.

Эмоциялық ерекшеліктер нерв жүйесінің типімен негіздес. Ең алдымен мінез-құлықтан солар байқалады және ерекше қиыншылықсыз-ақ көзге түседі. Егер адамдардың қатынастары мен сезімдерін ұғыну қиынға соғатын болса, эмоциялық ерекшеліктер мінез-құлықта тікелей көрініс береді, сондықтан оңай көзге түседі.

Адам бала кезінен белгілі бір дәрежеде ерікпен реттелетін әрекеттер мен қылықтар жасайды. Өмір

тәжірибесі әрекеттің реттелуін жеке адамның еріктік қасиеттері түрінде нығайтып отырады.

Адамның еркі батылдық, ер жүректік, ерлік, төзімділік, тәртіптілік сияқты басқа да қасиеттерімен сипатталады. Еріктік қасиеттерінің баршасының да дамуы төмен дәрежеде адамдар да болады. Ерік мінез-құлықтың реттегіші ретінде өмір мен іс-әрекет процесінде қалыптасады.

Еріктің дамуы мен адамның еріктік қасиеттерінің қалыптасуында есептеледі. Еңбекте жеке адам коллективтің басқамүшелерімен міндеттік байланыста болады: бұл міндеттерін орындау үшін ол өз мінез-құлқын коллектив алдында тұрған еңбектік міндетке бағындырып отыруға тиісті.

Мінез және темперамент

Әрбір адам басқа адамдардан өзінің даралық өзгешелігімен ерекшеленеді. Бұл орайда, адамдар мінез ерекшеліктеріне орай ажыратылады. Мінез - бұл психологиялық қасиеттің төркіні, гректің "характер" деген сөзінен шыққан. Мәнісі - із қалдыру.

Мінез - әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы.

Ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Адамның мінез-құлқының өзгеріп отыруына әлеуметтік жағдайдың үнемі ықпал етіп, оның жаңа сапаларын қалыптастырып отыратындығы ғылыми тұрғыдан анықталған тарихи шындық және объективтік фактор.

Адам мінезінің физиологиялық негізін ашып көрсетуде ерекше орын алатын жайт - жоғары жүйке қызметінің типтеріндегі ауыспалы құбылыс.

Адам мінезінің құрылымы әрқалы қасиеттер жиынтығынан тұрады. Кейбір мінез ерекшеліктері бір-біріне тәуелді, өзара байланысты болып келеді. Міне, мінездегі

осындай әр түрлі қасиеттерден құралған біртұтас бірлікті мінез құрылымы дейміз.

Адам мінезінің құрылымы әрқилы қасиеттер жиынтығынан тұрады.

Міне, мінездегі физиологиялық осындай әр түрлі қасиеттерден тұратын біртұтас бірлікті мінез құрылымы дейміз.

Адам мінез құрылымының қасиеттеріне мынадай ерекшеліктер жатады:

1. Мінездің тереңдігі
2. Адамның жеке басының ерекшелігі, белсенділігі
3. Мінездің тұрақтылығы.

Мінездің жекелеген қасиеттері адамзаттың сыртқы ортамен және өзге адамдармен қарым-қатынасынан байқалады. Адамның өз материалдық мұқтаждықтармен қамтамасыз етуі, жұмыссыздығы не болашаққа сенімі мен сенімсіздігі, әлеуметтік теңсіздік - мұның бәрі де адам мінезінде терең із қалдырады. Сөйтіп, әрбір адамның мінез-құлқының сипатына әсер етеді.

Адам мінезін қалыптастырудағы тағы бір ролі - ол еліктеу.

Бала өзіне ұнаған адамның қимыл-қозғалысына, іс-әрекетіне еліктейтін болса, онда сол кісінің бала мінезіне, ішкі жан дүниесіне әсерін тигізіп, мінез ерекшеліктерінің жақсы жақтарын қалыптастыруға ықпал еткені.

Белгілі бір адамға тән және өмір әсерлеріне жауап реакциялардың динамикасы мен бір қалыптылығына көрініс беретін мінез-құлықтың табиғи ерекшеліктерін темперамент деп атаймыз.

Темперамент индивидтің барлық психикалық көріністеріне рең беріп отырады, ол эмоция мен ойлауға, еріктік қимыл-қозғалысқа, сөздің сарыны мен ырғағына әсер етеді.

Темпераменттің төрт түрлі типі бар. Олар: Холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.

Темперамент адамның белсенділік сипатынан, мінез-құлықтың түрлі қалпынан, үнемі өзгерістегі сыртқы ортаға бейімделе алу жағдайынан көрініп отырады.

Холерик темпераменті – бұл типтің өкілі аса қозғыпшытығымен соған орай мінез-құлқының ұшқалақтығымен көзге түседі. Холерик қарым-қатынаста күйгелек, бір беткей, шабуылға жаны құмар, іс-әрекетке пысық. Холериктер жұмысты үзіп-үзіп істегенді жақсы көреді.

Сангвиник темпераменті – бұл темпераменттің өкілін И.П.Павлов қызу қанды, іскер адам деп сипаттайды. Сангвиникте эмоция тез пайда болып, тез өзгереді. Сангвиникте қимыл-қозғалыста белсенділік, өмір жағдайының өзгеруіне жеңіл бейімделушілік тән.

Флегматик темпераменті – Павловтың сипаттауынша бұл барлық уақытта да байсалды, ұстамды, бір қалыпты, табанды және төзімді, еңбеккер адам. Флегматик салмақты адам, ол күшін босқа сарп етпейді, бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Ол боснелікті сүймейді, жұртпен қарым-қатынасы да бір сарынды жүріп жатады.

Меланхолик темпераменті – бұл типтің өкілдері аса сезімтал, соның салдарынан жаны тез жараланғыш келеді. Меланхоликтер тұйық, қиын жағдайлардан жол тауып шығуға олақ, адамдардан оқшау жүргенді ұнатады. Меланхоликті әлсіз тітіркендіргіштер көп мазалайды. Ұсақ-түйіктің бәрiне қатты мұңаяды немесе қатты қуанады.

Этика – психологиялық а нализдің экономика аясындағы арақатынасы

Этика – (грек. ethike – әдеп, мінез-құлық) – мораль туралы, оның шығуы мен дамуы туралы адамның өмір сүру салтының аса мәнді жақтарының бірі болып табылатын адамгершіліктің әр түрлі қоғамдық құрылыстардағы сан алуан формалары мен нормалары туралы ілімдер жүйесі.

Этика – қоғамдық сананың ерекше тарихи түрлерінің бірі болып табылатын адамгершіліктің басқа қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтайды: оның табиғаты мен ішкі құрылымына талдау жасап, әлеуметтік құқық нормаларының жиынтығы ретіндегі ролін көрсетеді, адамзат тарихындағы адамгершілік принциптерінің пайда болу, даму

жолдарын зерттейді, оның әр түрлі жүйелеріне теориялық негіздеу жасайды.

Мораль – этиканың зерттеу объектісі. Мораль барлық қоғамдық өмірдің саласында – еңбекте, тұрмыста, саясатта, ғылымда, үйелменде және халықаралық қатынаста адамның мінезін және санасын реттейді.

Мораль – адам санасының формасы және адамзат мәдениетінің бөлігі. Мораль принциптерін, нормасы мен мәнін түсінуден тәрбиеленушілер өздерінің және басқа адамдардың қылықтарын дұрыс бағалауға үйренеді. Адамгершілік жағынан тұрақталған тұлға моральдық нормалардың шындығына сенімді болады, оларды орындау қажеттігін мойындайды. Бірақ, адамгершілік нормаларды білу, түсіну-сенімдер бекуін өзінше қамтамасыз ете алмайды, тек – олардың қалыптасуына қажетті алғы шарттар ғана болып есептеледі. Мораль арқылы жаман әдеттерді айыра білу керек: өте қатты сөйлеу, басқалар сөзін бөлу және тыңдамау, тырнақ тістелеу, қол сілтеу т.б. Арнайы мысалдар арқылы жастарға бір қарағанда еленбес әдеттердің салдарынан болашақ өз өміріне келетін зиянды түсіндіре әрі нақты көрсете білуі керек.

Этиканың негізгі категорияларының бірі – жақсылық пен жамандық. Бүкіл философия тарихында мораль, адамгершілік туралы сөз қозғалғанда жақсылық пен жамандық категориясын зерттеу ісін бірде-бір социолог назарларынан тыс қалдырған емес. Жақсылық категориясы қашанда болсын адамгершілік ұғымын білдіреді. Жақсылық қоғамдағы борыш, ар-ұят, бақыт, адамгершілік негізі ретінде алынып, моральдық нормалардың мазмұнын қамтиды.

Этиканың тағы бір негізгі категорияларының бірі – әділеттілік. Ол адамгершіліктің мән-мағынасын түсіндіруде ерекше роль атқарады.

Адамгершілік нормаларына әділеттілік, кіршіксіз тазалық, адалдылық пен шыншылдық, кішіпейілділік, т.б. жатады. Моральдық кодекс бұл парыздарды орындауды талап етеді.

Қазақ халқымызда «тексіз ұл бергенше, өмірден жалғыз өткенім жақсы» деп айтқан. Тексіз деген ең жаман сөз,

себебі жануардың ішінде тектілері, асыл тұқымдары болады. Сондықтан тексіз адам жануардан да төмен болғаны.

Ал әдепсіздіктің ең ауыры араққұмарлық пен нашақорлық деп оған жиіркене қарады, оның арамдығы иошқа етімен бірдей деп бой тартты, бір рет арақ ішкен адамнан қырық күн иман қашады деп тәнін таза ұстады, ұрпақтары мен әулеттілерінен мұны қатаң талап етіп отырған.

Адамдарды тауар мен қамтамасыз ету сұрағы жүздеген жылдар бойы қарастырылып келеді. Мұнда бір-біріне қарама-қайшы екі жауап бар. Біріншісі ақылды, әділетті, жан-жақты басшысының жоғарыдан жоспарлауы және таратуы. Екінші жүйе дүниеде миллиондаған атаққұмарлар мен эгоисттер бар және олардың ойлайтыны бір ғана – ол пайда.

1776 жылы ағылшын-экономисі Адам Смит ол туралы былай айтып кеткен: «Оларды өз мақсаттарына жетуге итермелейтін – ол «көрінбейтін қол» және олар өздері ойламаған жақсылықтарға сол «қол жеткізеді!». «Көрінбейтін қол»- бұл конкуренция. Смиттің жақтаушылары замандастары «либералдар» деп аталды. Олар өздерінің идеяларына тәнті болғаны соншалықты, олар тіпті мемлекетке жүріп жатқан экономикалық процеске араласпауын етінді. Олар: «тіпті болмаса мемлекет түнгі қарауылдың ролін ойнасын» деп өтінді. Либералдардың қызыққаны соншалық, олар өздерінің керемет теориясының табиғатқа «банкрот», «кризис» және солардан туындайтын басқа да жағымсыз құбылысты түсіндіріп бере алды.

XX ғасырдың 30-50 жылдарында пайда болған жаңа либералдар ескі либералдардың идеясын ұстанды. Бірақ, олар мемлекет «мемлекет түнгі қарауыл» емес, одан жоғарырақ тұрса екен деді. Олардың идеясын соғыстан кейінгі Батыс Германияның экономикалық реформаларының идеологы Людвиг Эрхард қолдады. Жүйенің негізгі бағыты пайдаға кенелу мен конкуренция болып қалды және оны мемлекет дамытып, шектен шығудан сақтап отыру керек болды. Ол үшін мемлекет әлсіз конкуренттерді қорғау үшін құқықтық шарттар мен институттар құру керек болды. Бұл негізгі шарттарға міндетті түрдегі сактандыру, күшті кәсіподақтар

және т.б. нарықтық экономикада сақтандыру жүйесін былай жеткізсе болады-«әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономика». Кеңестік үкімет жүргізген идеологияның проблема салдарынан біздің елде кәсіпкерлік проблема жөніндегі психология жүргізілмеді.

Ғалымдардың «кәсіпкерлік проблемаға» қызығушылықтары көп болғанмен, бұл іскерлік түріне нақты анықтама табылған жоқ. Бұл әр кезеңде әр түрлі мазмұнда болған. Алдымен, Францияда ортағасырда пайда болған – ол кезде «делдалдық» деп түсіндірілсе керек. «Әлеуметтік бағыттағы» нарықтық экономика жүйесінің негізін қалаушы Альфред Мюллер Эрхард енгізді, оны немістік «экономикалық ғажайыпты» жасаушы деп білді. Бұл экономикалық жағдайды түсіндіруде екі жақты мәселе қарастырылады.

Біріншісі мемлекет экономиканың дамуына жағдай жасау керек, бірақ араласуының қажеті жоқ.

Екіншісі Германияның конституциясында жазылғандай «жеке меншік міндеттеледі. Оны пайдалану қоғамның мүддесі үшін». Осы екі идеяның салдарынан әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканың регламенті мен институттары қалыптасады.

ЗАҢ ЕҢБЕГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Заң еңбегінің психологиясының мақсаты және мәні

Заң еңбегінің психологиясы – психологиялық заңдылықтың құқықтық қолданысын және психологиялық негізін зерттейді. Жеке шеберлік, жеке бастық әдістілігін тәрбиелеу, мамандарды таңдау, кәсіптік ерекшелікке орай мамандар таңдау және тәрбиелеу, кәсіптік бұзылудан сақтау және түсіндіру, жұмыс орнын және уақытын ұйымдастыру және т.б. болып табылады.

Көптеген психологтар (Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьев т.б.) өз уақытында, әдістемелік негіздердің психологиясын өңдеуде ең маңыздысы адамның еңбегін психологиялық зерттеу деп көрсеткен.

Еңбек психологиясының дамуына Б.Ф.Ломовтың, К.К.Платоновтың, Г.В.Суходольскийдің, В.Д.Шадриковтың еңбектерінің қосар үлесі зор.

Еңбек іс-әрекетінің күрделілігі кәсіптің өзіндік қиындығын, осы кәсіптегі адамға қойылар талаптың жоғарлылығынан әлі де толықтай зерттеліп ашылмаған. Бұл мәселе кәсіби мәселелерді шешуде мамандықтың сапасын жақсартуда қиыншылықтар туғызуда. Бұл әсіресе, құқық қорғау ұйымдарынан қызметінің психологиялық жағдайын жақсартуда үлкен мәселе тудыруда.

Өзімізге белгілі еңбек процесі өзінің құрамына –

- біріншіден - адамның мақсатты іс-әрекетін;
- екіншіден- еңбек түрін;
- үшіншіден- еңбек құралын қамтыды.

Еңбек өнімділігін зерттеуде мына маңызды мәтіндерге назар аудару қажет:

- кез-келген еңбек процесінің ұжымшылдығын ой-танымдық еңбектің ерекшелігін, оның ішінде сот, прокурор, тергеуші, заң кеңесшілерінің еңбегін атап өткен жөн.

- еңбек өнімділігін көтеру үшін оның психологиялық заңдылықтарын;

- жүйелі түрде зерттеу кезінде қызметтің әртүрлі сатылы өнімділігі, жеке кәсіби шеберлілігі ескеріледі.

- психологиялық зерттеуде еңбек процесіне әсер етер сыртқы жағдайлар мен оның еңбек өнімділігінің әсері толық көрсетілуі тиіс.

Жоғары оқу орнын құқықтық салада үздік бітіріп шыққандар арасында еңбек ету процесінде өзіндік орнын таппау сияқты мысалдар аз емес.

Бұл мәселенің түбірі - әрбір адамның білім алу процесі кезінде өзінің сөйлеу мәдениетін толықтай ашып, меңгермеуінде.

Заң еңбегінің психологиялық іс-әрекеті мен үлгерімі – білімнен алған жоғары бағаларға ғана байланысты емес, ол қоршаған адамдармен байланысты, әр түрлі жағдайдағы адамдармен мамандардың қарым-қатынас жасай алуында барлық талаптары мен қайшылықтарды шешу.

Бұл маңызды мәселелерде құқықтық еңбектің психологиясы ең алдымен теориялық және экспериментальдық зерттеулерге, яғни еңбек психологиясына, қылмыстық құқыққа және тергеу криминалистикасына негізделеді.

Жүйелі түрде зерттеу адамның жеке кәсіби біліктілігі мәселесіне тікелей қатыстылығының маңыздылығын көрсетеді.

Оның ішінде:

- кәсіптік мүмкіндікпен, білімімен, іс-шаруадағы қимылымен байланысты табуы;
- адамның жеке мүмкіндіктерімен кәсіптік іс шаруаның арасындағы аса байланыс заңдылықтарды тұрақтау;
- кәсіптік іс шаруада және де білімде, осы шарада іс қимылын жүргізуінің соңғы бетін табуы, яғни, тергеушілердің, айыптаушылардың, сотта қорғаушылардың іс тұрағын құру.

Сондай-ақ, құқық жүргізуші жеке мүмкінділігіне әділет арту, құқық орнату тұрақтылығымен, құрылымымен байланысын табу.

Заң мамандарының арасында тек талаппен білім ғана емес, өмір тәжірибесімен, сонымен қатар, кәсіптік тәжірибесіменде ерекшеленеді. Бұған біріншіден, әуесқой сот, прокурорлар және тергеушілер, қорғаушылар тағы басқалар жатады. Ең бастысы осы мамандарға аса жауапкершіліктер жүктеледі.

Осындай мамандарды көбінесе, жоғарғы және арнаулы оқу орындарында дайындауды қолға алып, оларға көңіл көп бөлінеді, бұған құқық қорғау мекемелерін дайындайтын кадрларын жоғарғы оқу бөлімдерін жарыс-тараптары дәлелдейді. Бірақ, әсіресе, жастар арасында осындай мамандықтарды таңдау кезінде, оларға көп мән бере бермейді және толық талап қоя бермейді.

Заң мамандығы жалпы мінездемеден басталады.

Ол біріншіден, құқық және оның тармақтары, құқық қорғау т.б.

«Заң» деген сөз «қорғау» болып табылады. Осы сөзде барлық заң терминологиясы бар. Негізінен, заң маманы үлкен

жауапкершілікті, шыдамдылықты, ардақты аса талпты, қатаң түрде ұстауды қажет етеді.

Заң маманының еңбегі әрқашанда қиын. Біріншіден, заң мамандары әртүрлі шешім қабылдаумен мінезделеді. Бұл құқық тарабынан ішіндегі бағдарламасын арттыруда. Әр жаңа істі шешуде тергеушілер, прокурорлар құқық қорғаушылар алынып отырады. Әр істі қарауда жаңартып отырса және заңға жүгініп отырса, ол істің жақсы аяқталуы болып табылады.

Екіншіден, заң маманы, тек қиыншылығымен ғана шектелмей әр істе өз таңбасын қалдырады. Әр істе әр заң маманы алдын ала жоспар құрып алады, және әрқайсысы өз маманы бойынша заң ережелеріне міндетті түрде жүгінуі тиіс. Заң мамандығы негізінен, ең жоғарғы деңгейде шынайылықты, өз еңбегіне мұқияттылықты қажет етеді.

Көбінесе, заң маманында (тергеуші, төреші, прокурор т.б.) Заңға бағынышты болғандықтан өз істеріне аса жауапкершілікпен қарайды.

Мүмкіндігінше екі түрде ұйымдастыру жұмысына жүгінеді.

1-ден мезгілсіз жұмыс уақытын, күнін, аптасын ұйымдастыру

2-ден басқа заң мамандарымен келісе отырып, қылмыс процесін ұйымдастыру.

Прокурорлар мен тергеушілер, т.б. әр кез шындық мәресіне жету үшін төменгі немесе жоғарғы деңгейде қарама-қарсы жақпен тартысқа дейін барады. Негізінде әр істе шығарманың өнер де қажет. Әдеп және психологияға жүгіну. Адамдармен жұмыс істерде мамандар, оқушылар, білімгерлер, жауапқа тартылушылар, айыпталушылар, сотталушылар, куәгерлермен жан-жақты жағымды-жағымсыз жерлеріне, сонымен қатар адамгершілігіне жүгінеді.

Қандай болмасын, қай заң маманы болмасын өз ісіне біліктілікті екенін, жауапкершілігін тәжірибеде көрсетілгендей-ұстаздар, дәрігерлер, ғылыми қызметкерлер, журналистік мамандарда т.б. ешқандай кемшіліксіз қатаң түрде, денсаулығына ішкі ұғымына шыққан орта тегіне жауапкершілікпен заңға жүгінеді. Сонда ғана әр ісі сөзсіз

оңға басады. Әрине, әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар, дәрігер, заң маманы, ұстаз, басқа да жұмысшы адамдар, мысалы, тігіншілер, балықшылар, токарлар арасында айырмашылықтар болғанымен, еңбеккерліктерімен ұқсас болып келеді. Қай маман иесі болмасын заңға жүгініп, заң жолымен жүруі тиіс, әрқашанда мәдени ұстамдылық керек. Ең бастысы заң мамандарында ол әділеттілік. Сонымен бірге, заң мамандары, тәуелсіздікті, шыншылдықты, адам құқығын ұстауы, бағалауы олардың тәжірибелерін арта түседі.

Заң қызметкерлері, заңда көрсетілген құқықтарға жүгінуі тиіс. Бұл ең басты талап, әрі мақсат. Алдын ала тергеу жұмыстарында құпияны сақтау міндетті, себебі, ол заңда көрсетілген.

Судьялар үкім шығармас бұрын, олар адамдарға ең қымбатты, яғни оның ар намысына, тіпті өміріне дұрыс жауапкершілікпен қарауы керек. Барлық төрешілік қызметте заңды қатал ұстаумен қатар адам құқығымен санасқан адамдар да бар.

Осындай адамдар қатарына Анатолий Федорович Кони да жатады. Оның 150 жасқа толған күні 1994 жылы атап өтілді. Ол кісі өз қызметін Петербургта жәй төрешінің қатынасынан бастап жоғарғы төрешіге дейін қызмет атқара жүріп, сот процестерінің жұмысы жөніндегі бірнеше жазбалар шығарған – А.Ф.Кони өз ісінің білгір маманы болып танылды. Ол кісі сот процесінде – сол сотқа қатысып отырғандарға, әсіресе, прокурорларға ұстамдылықты, жинақы болуды, сыпайыгершілікпен қарау арқылы заңды қатаң ұстауды талап еткен.

Қорғаушы маманының дәлелдемесін- заң дәлелдемесі деп дәлелдеген. Қорғаушы Л.А.Александров туралы да көп айтылды, ол өзінің бір сот процесінде былай деген еді: «Мен өз міндетімді тек қана қорғаушы ретінде ғана емес, азамат ретінде атқарғым келеді, яғни, бізге жүктелген міндетте қорғайтындарымыздың талабын ғана емес, көпшіліктің де талабын есепке алуымыз керек».

Сот процесінде жеке мінез танытып қатысушылар алдында «жағымпаздық» көрсету, ең үлкен заң бұзушылық болып табылады.

ҚЫСҚАША СОТТЫҚ ПРОФЕССИОГРАММА

Сот. Сот мамандығы заң саласында ең қиын мамандықтардың бірі болып табылады. Соттың ісінде соттың өзіне ғана тән қасиеттері болуы керек, ол қасиеттер сот ісінде жүріні құрайды және сот ісінде сотқа жеке дара өзіне ғана тән ерекшеліктермен көрінеді.

А.Ф.Кони сот этикасының негізін қалаушы Ресей патшалығындағы өзі енгізген соттардың мінез-құлқын жүзеге асыру барысында, болашақта сот өндірісінде судьялардың орны ерекше болатынын айтқан.

А.Ф. Конидің ойынша «Сот өндірісі және оның тармақтары этикалық және қоғамдық процессіне ауысады»-деп сенді.

Сот этикасында, сот ісінде А.Ф.Кони орталық орынды судьяның тұлғасына берді.

Іс қанша жақсы болғанымен, іс - өз күшін және маңызын әділетсіз, арам қолда жоғалтып алуы мүмкін. Осыдан келе А.Ф.Кони сот өндірісінің дұрыс шешілуіне судьяның алатын орны маңызды екенін анықтады. Оның еңбектерінде маңызды орындардың бірі судьяның ішкі сеніміне берілді.

А.Ф.Конидің ойынша, судья өзінің ішкі жан дүниесінің күшін істің ақиқатын шешуге жұмсауы керек екен. Үкім шығарар кезде судья өз ойын сезімдерден алшақ ұстауы керек.

Судьяның ісінде өзі шығарған үкіміне күдігі болмауы тиіс, ол бәрін саралап нақты жауап беруі қажет. Бұл теориялық тұжырымда адам өмірінің барысын шешетін, адамдарға бар ынтасымен, күш-жігерімен жұмыс істеуіне шақырады.

Айыпкер мен айыпталушының тағдыры соттың қолында екені белгілі. Сот қателігіне жазықсыз адамды қамау – заңды дұрыс қолданбауы болып табылады.

Сот қателігі – соның ішінде судьяның өз ісіне үкім шығаруда салақтықпен қарауы, ол заңға қайшылық көрсету ғана емес, ол адамгершілік тұрғысынан қарағанда да қорқынышты жағдай.

Сот салғырттығы қазіргі заманда да өзгерген емес. Қазір сот салғырттығының мансап қууына, шенін қорғауына ғана өзгергенін көреміз.

Фемиданың кейбір қызметкерлерінің салақтығын кәсіби шындалмағанымен түсіндіруге болады.

Дилетант өзі жасаған қателіктеріне жауап беруден қорқады, ол өз ісіне анализ жасамай тек бұрын жасалған инструкциялармен ғана шектеледі.

XIX-XX ғ.ғ. заңгерлері судьяға жоғарыдан көрсетілетін қысымға наразылық білдіріп кеткен.

Судьяның міндеттерін атқаруға, адам әрекетінің ішкі және сыртқы күштерін, бар күш-жігер қуатын жұмсауды талап етеді. Сондықтан бірде-бір судьяға, тіпті оның практикалық жұмыс тәлімімен қатар, керемет кәсіптік дайындығы бола тұра қателіктер жібермеуіне жол бермеген.

Айта кететін жағдай, заң судьяның қызметтік парыздарын ғана көрсетеді, бұл парыздардан бөлек адамгершілік парыздарда бар. Бұл - әрбір адамға тұлға ретінде қарап, оны құрметтеу.

Ресей Федерациясының 1993 ж. 16 шілдедегі Төралқа туралы заңы қылмыстық процедураны түбірімен өзгертіп жіберді.

Тәуелсіз 12 төралқаның болуы қылмыстық процессуалдық істі қайта қарауға судьяның қызметінде біршама өзгерістер енгізілді. Судья бұрынғыдай прокурор-айыптаушының орынбасары емес және де үкімді шығаруға тіпті істі қайта қарауға жіберу құқығынан айырылды.

1994 жылдың 15 мамырында төралқа соты Ресей Федерациясының 8 облысында өз жұмысын жүргізді. Олар жиырма екі қылмыстық істі қарап шықты. Оның төрт ісінде айыпталушы ақталып шықты, ал үш істі қайта қарауға қайтарылды. Қайтарылған істерге анализ жасау барысында ол істердің дұрыс тергелмегені анықталған.

Рязань облысында төралқа соты уақиға болған жердің дұрыс қаралмағанын анықтап, қайта тергеуге жіберген.

Төралқаларды тергеушілердің салғырт жұмысы ғана мазаламайды, оларды соттардың білімінің жетіспеуіде алаңдатады.

Революция алдындағы Ресейде төралқа соты істің мән мағынасын емес, сотталушы адамның мінезін, істейтін ісін, куәлардан айыпталушы адам туралы ойын білген, себебі төралқалар мейірімділікпен қарауға бой ұсынған.

Сол үшін С.А.Андревский төралқаларға «өткенде ғана бір публицист сіздер туралы төралқа сотын «көше» деп айтып еді. Мен бұл сөзден қорлаушылық немесе кемсітушілікті білдірді деп түсінбеймін. Мейлі сіздер «көше» бола беріңіздер біз бұған қуаныштымыз. Себебі көшеде әрдайым таза ауа, көшеде адамдар бір-бірімен тең, олар көшеде шектен шықпайды, қорықпайды.

Көшеде ауырғанда көмектеседі, қайыршыға қайыр береді, ұрыны қуып ұстап алады.

- Егер сіздің үйіңізде ұрлық, тонау, өрт бола қалса сіз қайда қашасыз? -- Әрине, көшеге, өйткені көшеде әрдайым сізге көмектесуге дайын адамдар табылады, сол сияқты сіздер бізге төралқа сотын енгізсе екен дейміз.

Халық даналығымен тұрмыс әділеттілігінің өкілдері болғандықтан төралқа соттары-кәсіби соттар емес. Сол себептен судья төралқаларға істі түсіндіру керек. Бірақ, өз ойын оларға таныстырудың қажеті жоқ, өйткені оның ойын басқаша түсінуі мүмкін.

А.Ф.Конидің Данилов деген студентке жасалған резюмесі форма жағынан тамаша болып табылды.

Данилов капитан Попов пен оның қызметшісі Мария Норманның ақшаларын ұрлау мақсатында басқа біреудің фамилиясымен қылмыс жасаған. Данилов ұрланған затты тығу, алаяқтық, кісі өлтіру секілді қылмыстармен ұсталған.

Бұл істі судья жүйелеп төралқаға былай түсіндірді «Мен бірінші өлтіруге тоқталам, ол алдын-ала ойластырылған немесе алдын-ала ойластырылмаған болады. Алдын-ала ойластырылған бәріңізге белгілі қылмыстылыққа сай келеді. Сонымен бірге, алдын-ала жасалған адам өлтіру, егер ол біреудің затын иеленуге жасалса, заң аса қатаңдықпен қарайды.

Егер адам өлтіріліп немесе басқа да қылмысты жағдайларды көре тұра жасырып қалса, сонымен бірге

алаяқтық жасалса, заң, мұндай қылмыстыққа да аса қатаңдықпен қарайды.

Жасырып қалу деп- заң бойынша қылмысқа қатыспаған қылмыскерді немесе ұрланған затты жасырып қалу деп атаймыз.

Алаяқтық деп – басқа біреудің меншігіндегі затты алдау арқылы алғанды атаймыз.

А.Ф.Конидің тағы да бір мысал болатын уақиғасын айта кетейік. Ол былай болған.

Француздық Маргарита Тюжан өзі гувернантка болып жүрген 17 жасар Познанскийді улап өлтіреді. Сот ісінде айыпталушының өлгеннің жаназасында өзін-өзі ұстауы зерттелген. Ол өзін қатты қайғырған кейінше ұстап, тергеушілерді адастыруға ұмтылған.

А.Ф.Конидің психологиялық анализ жасау барысында төралқаларға айтқан тұжырымдамасы: «Познанскийдің өлімінен кейін Тюжанның өзін қалай ұстағанын сіздер байқамадыңыздар» деген.

Судья жұмысы қатаң түрде заңмен реттеледі. Судья мемлекет берген билікпен қызмет етеді. Сол үшінде судьяда жауапкершілік туындайды.

Сот істері түріне, көлеміне қарай әртүрлі болып келеді, мысалы: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық т.б.

Сот ісі процесі бірталай адамға тәрбиелік жағынан көп көмек көрсетеді.

Судьяға жүктелетін негізгі мәселе – ол іс бойынша барлық дәлелдемелерді қарастырып және заңға жүгініп әділ үкім шығару болып табылады.

Сот ісінде тергеу де алынған мәліметтердің бәрі түгел дерлік мұқият тексеріледі.

Судьялар қоғамға өз істерімен ықпал ете алады.

- Азаматтардың құқықтық тәрбиесіне;
- Қылмыстық процесстер әлеуметтік-психологиялық атмосфераға жазадан құтылмауды көздейді.

Соттың профессиограммасының негізгі жақтары - әлеуметтік, реконструктивтік, жан-жақтылық, ұйымдастырушылық.

Әлеуметтік жағы.

Сот істің заңға сәйкес шешілуін ғана реттемейді, ол қылмыстың болмауы үшін, алдын-ала жүргізілген іс-шараларды жүргізеді.

ТЕРГЕУШІНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ КАМЕРЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

(бұрын мысық болған ит туралы оқиға)

-Тергеушінің жеке басының ерекшеліктері психологтар мен зерттеушілерге, өз-өзіне сендіріп еліктеу барысында бір адамның кінәлілігінің арнайы жобасын жасап, қылмыстың жасалуын, яғни осы сезіктімен жасалды деп, істің материалдарын нақты түрде дәлелдемелерді қолдан жасайды ма?

-Анна Петровна, сіз қазір алдын-ала тергеу және жедел іздестіру ауыр проблемалардың бірі екенін айтып отырсыз. Бұл Әлемдегі барлық мемлекеттердің полицияларының ағушы мәселелері болып отыр. Бұл туралы көптеген детектив фильмдерден, әңгімелер және романдардың сюжеттерінен білуге болады.

Тергеуші өзінің эмоциясының арқасында қарсыласына қарсы ақпараттарды жинап, қақтығысты дамытып, ашу үшін әр түрлі әрекеттер жасады. Психологиялық негіздерде осы тергеу органдарында әр түрлі механизмдер үшін трагедиялық қателіктерге әкеліп соғады. Естеріңізде болса, Чикатиланың жасаған қылмысы дұрыс дәлелденбей, оның орнына кінәсі жоқ адамдар сотталып, ал біреуі тіпті ату жазасына кесілген.

Осындай қателесу механизмінің құрылуы көптеп кездеседі. Психологтар қызықты тәжірибе жүргізген болатын. Сыналушы адамға тест берілді, ал тест ішінде түсініктің анықтамасы мен мазмұнының лингвистикалық негізі емес, өзіндік белгілері (символика) болды. Сонымен, сыналушы адамға бірінен кейін бірі мысықтың оншақты суреттері көрсетілді. Ең бірінші суретте ол кәдімгі мысықтың суретін көрді. Келесі суретте сол мысықтың түрін иттің түріне ұқсатып, салған тәжірибелі суретші сол мысықтың әлпетін итке ұқсатып, яғни, құлағын

мысықтiкiндей емес, итiң құлағындай көтерiп, ал мұртын кiшкене қысқарырақ салды. Өзiңiз бiлiп отырғандай 10 суретте бұл мысықтың суретi итiң суретiне ауысып кеттi. Яғни, мысықтың жеке сыртқы құрылыстарын өзгерте отырып, соңында психикалық образдың мәнiн өзгерiп, ауыстырады. Сонымен, бiз әр суреттi көрсете отырып, сыналушы адамға әр этапта «бұл не?» деген сұраққа жауап талап етеміз. Көптеген адамдар 1,2,3 суреттерде әлi мысықтың келбетiн көрсетедi. Бiрақ, сыналушы бiр кезде менi не үшiн жынды қылып отырсыздар деп, ашуланады. Бұл жерде мысық емес, мысық-ит немесе ит-қайсысын айтады, соны бiлуiмiз керек. Тәжiрибенiң көрсетуi бойынша кейбiр адамдар 10 суретте де мысықтың суретiн көредi. Шын мәнiнде ол жерде кез-келген адам өзi итiң суретiн көрiп тұрғаны туралы айта алады. Бұл субъектiнi жеке қабылдаудың спецификасы, яғни адамға әлi мысық екенi көрiнедi. Сол адам бiзге ең қажеттiсi болып табылады.

- Сонымен, тергеушi мен адвокат негiзiнде оларға кiм керек, 2 этаптағы көзi ашылған ба: «Ия, ия бұл ит, ит қой» деген.

- Жок, жок еш уақытта бiздi өзiн қолданып жатқанын бiлiп отырған адам жеткiлiктi. Яғни, ол мысық, мысық, бiрақ алдыңғы мысықтан сәл өзгерiсi бар деген адамның сөзi ғана керек.

II БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ

ТҮЛҒАНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАУ

Қылмыстық психология — заңдық психиканы, қылмыстылықтың тууын, қылмысқа дайындалу және қылмыстың аяқталуын, сонымен қатар қылмыстың жүру тәртібін оқытады. Тағы бұл, қылмыскер мен қылмыстық топты және де осы тұлғаға, топқа психологиялық әсер ету жолдарын зерттейді. Қылмыскердің жеке басын зерттеу, бұл қылмыспен күрес тәжірибесінде маңызды, әрі аса қажет болып есептеледі. Қылмыстық психологияның зерттеу аумағы бойынша, тек күштеу арқылы, яғни қасақана жасаған қылмыс қана емес, сонымен қатар абайсызда жасалған қылмыс және оны жасаған қылмыскер де қаралады. Әртүрлі ғылым, құқық бұзушылыққа әр жағынан, әр түрлі әдіспен қарайды. В.Н.Кудрявцев, мысалы, былай деп жазады: «Құқық бұзушылықтың нақты структурасы, әр түрлі көзқараспен анықталуы мүмкін. Заңдық тұрғыдан, оны 4 элементтен тұратын іс-әрекет деп таниды.

Олар: **объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы.**

Қылмыстыққа, әлеуметтану және психологияға ойлау және қандық жағынан жақынырақ. Өйткені, сол жағынан адамның жүріс-тұрысы, мінез-құлқының дамуын қарастырады». Осымен қатар Кудрявцев былай дейді: «Тұлғаның қалыптасу процесі құқық пен криминологияны қызықтырса да, оларды оқыту пәні болып табылмайды. Бұны оқыту педагогика, психология, социология және адам туралы оқытудың басқа да ғылым салаларына жүктелген.

Тұлғаның теріс қылығын, ортадағы қарсы байланыстарды тек, оның сұранысын, жағдайын, көз қарасын анықтағаннан кейін білуге болады. Ортамен қарама-қайшы байланысы, әлеуметтік жағдайы оның бәрі оның психикасына әсер етеді. Қылмысқа көп бет бұрудың себебінің өзі де, оның түп негізінің осында екенін көрсетеді. Қарсы ойдың қалыптасуы да, адамның жүйке жүйелеріне, темперамент және мінезіне әсер етеді. Бірақ, бұл сұрақ терең

ғылыми зерттеулердің жоқтығынан, түсініксіз және толық емес болып қала береді.


Қылмыстылықтың болуының тағы бір себебі – халықтың тұтыну жағынан сұранысын қанағаттандырмағандықтан. Қажеттілік өткен кездегі жағдайлардан туындайды.

Әлеуметтік орта - бұл адамның жүріс-тұрыс, қылықты анықтайтын жалпы жағдайлар мен мәселелер ғана емес, бұл сонымен қатар, адамның ісін шектемейтін, жағдайларды қалыптастыратын және өзгертетін, адамды әлеуметтік өсудің қайнар көзі мен ауыз ретінде қарайтын сала.

Қылмыскердің тұлғасы – криминалдық психологияға жеке қызығушылығымен қатысты. Оған есті және мақсатқа жету мінезі дұрыс келеді.

Сондықтан да әлеуметтік жағдайлар мен қылмыстық мінез арасындағы қарым-қатынас күрделі және әрқашанда әлеуметтік жағдай, тұлға арқылы қылмысты айқындайды.

Қылмыстылық – бұл қылмыстық іс қана емес, сонымен қатар қылмысты істейтін қылмыскердің өзі. Қылмыстылықтың жағдайын, құрылысын және динамикасын зерттеген кезде, қылмыстың дерегі ғана емес, қылмыскердің контингенті қоса анықталады.



Қылмыстылық тұлға мен әлеуметтік ортаның ара қатынасы ретінде де қарастырылады. Тұлғаны психологиялық топтау – бұл қарастырылып отырған қылмысты танудың бірден-бір әдісі.

Криминогенді позициялар мен функцияларды әлеуметтік жағынан келсек, дұрыс танимыз, өйткені ол тұлғаға белгілі бір құқыққа қарсы міндеттерді жүктейді және қылмыскер оны құқық бұзушылық арқылы орындайды. Ол әлеуметтік-құқықтық келіспеушіліктерге әкелуі мүмкін.

Әлеуметтік психологиялық жағынан келсек, әлеуметтік жағдай-қандай тұлға тәрбиелеп шығаратыны және ол қандай әлеуметтік позицияларға ие болатынына және кәдімгі жағдайларға келіспеушіліктердің шешілуін түсінуге жағдай туғызады.

Қылмыстық психологияның маңызды сұрақтарының бірі – тұлғаның ішкі қасиеттерін анықтау. Қылмыскердің, өзінің мінезі психологиялық тәуелділіктен айырмашылығы аналогиялық ерекшеліктер. Әрбір адамға әлеуметтік мінез жағынан, өсу, мақсатқа жету, өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басқа адамдармен бірігуге барлық жағдай жасалған. Мұндай бірігуден адамдар белгілі, тәуелді позицияда орын алады. Құқықты бұзбайтын адамдар, құқық бұзушылардан айырмашылығы – олар ондай топтардан шығып кетуге және сондай адамдармен байланысқа түспеуге мүмкіндігі бар. Көптеген құқық бұзушылар үшін, бұл жағдай өзгеше болуы мүмкін. Олар үшін басқа адамдармен байланыс, маңызды мінез қалыптастырады. Мұндай жағдайда қылмыскер жәбірленушіге өз қажеттіліктерін қандыруға жағдай жасаса, содан соң өз қажеттіліктерін қайта сұрайды. Бұл проблеманы шешуге жүйелік жағынан келу терең де, әрі қазіргі ғылыми дәрежеде оңай болады, яғни зерттелуде.

Қылмыстық психология – тұлғалық қылмыскер психологиясы

1. Қылмыстық психология – кімдерде, қандай адамдарда болуы мүмкін?

II. Қылмыстың болмауын алдын-алатын жолдары.

Жалпы адамдарға тиісті жанның қасиеттерінен басқа, өзгеше сипаттар да бар. Адам өзін және өзгелерді ұғыну үшін ғылымнан жол басшылық керек. Бұл бөлім әлі жас, жеке адамда болатын алуан-алуан мінез қасиеттерін түгел тексеріп, жан заңдарын түгел ашты деуге болмайды. Бірақ, жаста болса әр адамның өзгеше сипаттарын тексеруге бұл бөлімнен азды-көпті көмек табылады.

Әр адамда болатын өзгеше қасиеттерді жіктеудің ең жабайы, қолайлы жолы сыртқы әсерлерге әрбір адам жанының қалай тебірленуін, қалай жаңғыруын бақылау. Айналадағы дүниеге адамның жаңғыруын, яки серпілуін жан ағыны дейміз. Осы серпілудің айырмасы әр адамның өзгеше қасиеттерін көрсетеді.

Адамдардың сыртқы әсерге серпілу мінездерін байқағанда екі түрлі негізді айырма болғаны анықталған: тез серпілу, созалаң серпілу. Серпілудің осындай айырмасына қарап, әр адамның мінезін айырамыз. Алдымен бұл айырма бір адамның сыртқы дүниеге, сыртқы затқа қалай қарайтындығын көрсетеді. Тез серпілетін адамдардың қарасында өзіндік мінез болады. Олар қандай іс болса да белсеніп, құлшынып кіріседі.

Бар мақсаты – оның өзі істегені. Айналадағы нәрселердің өзіне қатынасы қандай болса, маңызы сондай көрінеді. Бұлар не нәрсе болсын, көбінесе өз көзімен қарап, сүйемімен өлшейді. «ашуын қасына ұстап отырады» деп, кейбір ашуланшақтарды айтады ғой жұрт. Сол сықылды бұл кейіпте адамдар өзінің «мендігін» қашанда болса әзір тұрады. Сондықтан бұл кейіпкерлер тез серпімді, тез қайталайды. Өзін ұстау оларға қиын. Бұлар өзіндік (субъективный) кейіпкерлер.

Адам жас басынан-ақ байқалады. Жас баланың қозғалысында есейгенде болатын мінезінің өзгешілігі көрініп тұрады. Америка ғалымы (психолог) Болдуин зерттеуге екі баланы кейіпкер ретінде алады. Бірін қозғалып, ұшқалақ (ісшіл), енді бірін ұстамды (сезімді) байсалды деп атайды. Ұшқалақ бала алған әсердің ыңғайына тез құбылады. Оны сыртқы ықпал билейді. Басқа жақтың қысымына жеңіліп,

дереу қолма-қол сол бағытқа бұрыла бастайды. Ол ойланбай, тез, істеуге икем тұрады. Оның іліктестік (ассоциация) қызметі өте тірі болады. Ойдың әрбір қылт еткен ұшқыны, егер ол (ұшқын) қимыл тілейтін болса, дереу сыртқа шығады, не іске айналады. Ортаның беретін әсерлерін бұрынғы әдеттенген қызметі арқылы тез сіндіріп алады. Ондай ұшқалақ бала әр нәрсеге тез әдеттенеді.

Саналы көз-қарастан да оның әдеті басым болып отырады. Ұшқалақ баланың ілтипаты орнықсыз, сондықтан әрқашан тың әсерге мұқтаж болады. Ілтипаттың орнықсыздағынан не туады? Одан туатын сонда мынау: ойдың талдау (анализ) қызметіне қабілетсіз болады, тез жалпылауға икем тұрады. Нәрсенің айырмасын байқауға, жаттауға шамасы келеді. Осындай мінезді балалар мән-жайды түсінбей, әр нәрсеге ұрынып, қылмысқа дейін баруы ықтимал. Ересектерде болатын бұл екі кейіпкердің қарқын Астауалд жақсы суреттейді. Жан тамыршылары (психолог) тарихи адамдардың өмірін көп оқып, жан сипаттарын тәмпіштен, толық суреттеуге тырысты. Жан сипаттарының катынасын табу үшін Тейманс 110 кісінің өмірін оқып зерттеген. Үш жұп бірімен-бірі аяқасып түрлі кейіпкер жасайды дейді ол.

Өмірді зерттеу Тейманстың жорын расқа шығарады. Үш жұпқа қосып, түрлі мінездер туғызады. Оның айтуынша, мінез түрлері сонғыдай болмақ.

Күйгелек (нервный)

- 1) Аяныш жанды (сентиментальный)
- 2) Ыстық қанды (сангвиник)
- 3) Салқын қанды (флегматик)
- 4) Қызбалы (холерик)
- 5) Құмертпалы (стройный)
- 6) Ұйытқымалы (аморфный)
- 7) Сары уайымшыл (апотичный)

Осы мінез туралы ішінен көбінесе қылмысқа жақынырақ, не болмаса аяқ астында ұрынып қалатын күйгелек, құмартпалы, ыстық қандыларды жатқызуға болады деп, есептеген дұрыс шығар, өйткені күйгелек кейіпкердің сезімі өте күшті. Бірақ іске тұрақсыз. Алған әсері ұзаққа

бармай тез басылып қалады. Өздігінен істеуге орайы кем, табансыз, қорғаншақ, орнығып, сарылып істейтін қызметке икемсіз.

Сезім аса күштілікпен тез қозып, тез ашуланып, кенеттен бұрқ-сарқ етеді. Жігермен тілейтін қызметке еріксіз кіріседі. Олардың көңілі күзгі күндей тез құбылады. Бірде бие, бірде түйе. Табиғаты сыртқы әсердің тез өзгергенін, терең із қалдырғанын тілейді. Көңілі алабұртып, құлпыра бергендіктен, ойы мен ісі қайшы келіп, тіресіп қалады.

Жабайы ауыл тұрмысы бұл кейіпкерге өте қызықсыз. Олардың жанына көпшілік, думан жатады. Бұлардың бәрінен күшті бір сипаты - әйелжандық. Бұлар әйелге салқын қанмен қарай алмайды. Әйел көрсе қабыржып отыра алмайды. Еркектер ортасында әйелі бар жерді артық көреді. Ақыл жағынан келсек, ақылы мен қиялы орташа деуге болады, бірақ терең ойға келгенде, табанды, жүйелі іске келгенде мәз береке болмайды. Бұларға тағы да мынадай да мінез болады: ойы бытырай беретін алаңдық, яки жаңғалақтық, дерексізді деректі үлгімен нысандағыштық, мекенін ауыстыруға құмарлық, жоқ нәрседен үздік көрінуге әуестік, қыдырысты, дене еңбегін ұнатпағыштық тыныш бейбіт өмірге жалыққыштық наразылық сықылды. Бұлардың ісінен кейде есалаң, ынжық та, ақымақтар да шығады. Сондықтан адамның мінезі, психологиясы, өмірге деген көз-қарасы, санасы айналасындағы адамға, қоғамға көп әсері тиетіндігі белгілі.

Осы тұжырымнан туатын ой-ол: Күйгелек, ыстық қан, құмартпалы мінезімен әр нәрсеге ұрынып, байқаусыздан қылмысқа барып қалатындар мен имандылығы, адамгершілігі, ұяты жоқ, жауыз, надандығы басым адамдар қылмыс жасайтындар боп, екі топқа бөлуге болады.

Қылмыстың болдырмауын алдын-алу жолдары

Алдымен жан жүйесінің әдебиетімен танысу қажет. Жан жүйесі адамға ең жақын, керекті, әркімнің кім екендігі, жан өмірі жанынан әңгіме құрады, біз көбінесе өзгелердің

мінезін, мінін көргіш келеміз: өз мінезімізді, өз қасиеттерімізді, өз міндетімізді көрсетпейміз, көргіміз келмейді. Біздің сыр-сипаттарымызды басқалар байқайды. Сондықтан бізге берген сыр-сипаттарға көңіл бөліп, ойлануымыз керек.

Өзін білу, өз қасиетін тауып алу жанның тереңдігін тілейді. Басқаша айтқанда астан ақылды, дана кісілер өзін ойнай алады «Мен», «Менен», «Менікінің» деген мағынасы екі түрлі.

Айналамыздағы дүниені мен не деп ұғамын, не деп танымын?

Менің ең алдыңғы орынға қоятыным мұратты жағым болу керек. Бұл адамның ең қадірлі жолы.

Дүниеде неге нанамын?

Не үшін өмір сүремін?

Не үшін қызмет жасаймын? «Жүрек келешекпен жасайды» Сол келекшектегі үміт үшін жан қиюға шыдаймыз. Ойткені «менің» ең қадірлі, қымбатты жағы келешекте деп білуіміз керек.

Өзін-өзі білу: «басқаларды» - түсіну, деп бекер айтылмаған сөз. Мәселен, ашу көрнегенде есімізден мүлдем айырылып қаламыз. Сол кезде жанымыз не күйге түседі, өзімізге-өзіміз есеп бере алмаймыз. Егер, ашу үстінде неліктен ашуландым?- деп, ашуымды бақылап, зерттей бастасам, ашуым солғындай береді.

Тәрбие үрдісіндегі өзін-өзі білу, тану немесе тәрбиелеу проблемасы қазіргі кезеңде өте күрделі мәселе болып саналады.

Әр адамның әдеп тағылымдарын сақтамауы, мінез-құлқындағы ортаға үйлесімсіздік, іс-әрекетіндегі қоғамдық талаптарға сәйкесе бермейтін оғаш сәттерін түзеу үшін қайта тәрбиелеу деп атап жүрген мәселенің қоршаған ортаны ерекше толғандыратынын күн сайын байқауға болады.

Кейде мінезі сондай болса не істерсін «Сүтпен келген мінез сүйекпен кетеді» дейтіндер бар. Бірақ санадан тыс ұлы күштің адамзатқа жіберген өніміндей көрінетін данышпан дана Абай «адам мінезі түзелмейді деген адамның тілін кесер едім...» деп, оның жөнделуі жөніндегі шарттарды ұсынды.

Әрбір тұлға қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, ендеше қоғамдағы заңдылықтарды сақтап, ондағы әдеп тағылымдарын орындауы керек.

«Қиын балаларға» байланысты өзін-өзі тәрбиелеу саласындағы күрделі мәселе, көбінесе олардың мінезінегі ауытқушылықтар тұрғысынан кездеседі. Психологиялық терминмен атағанда ашуланшақ, тұйық, ызақор, даңғазалық тұрғысындағы оғаштықтар.

Сондықтан жанымыздың әрбір халіне төтесінен бақылап, біліп отыру керек. Бақылаудың өзі жан күйіне өзгерте кіргізеді. Ашу кернегенде есімізден мүлдем айырылып қалатынын, жанымыздың не күйге түсетінін, өзімізге есеп бере алмай қалатынымызды, ашуланғанда жанымыздың күйі қандай жағдайда болатынын білген адам, басқа біреудің ашу үстінде, қандай халде болатынын түсінеді. Төтесінен бақылап, білудің нәтижесі, өзін-өзі қандай жағдайда, қандай халде болатынын, қысқаша айтқанда адам психологиясын түсіну, өзін-өзі білу.

Өзінің жанын, психологиясын түсінбей, басқа біреудің жанын түсіну мүмкін емес. Өз жанымызға өзіміз қанша үңілсек те, барлық ішкі сырларымыз бәрі бірдей көзімізге жақын келіп елестемейді екен. Қалай десек те жүру мен сезу бір емес.

Шындыққа жүруден сезу жақынырақ, біздің нағыз «мен» жұрнағымыздай бола бермейді: біз адасамыз. Қанша тырыссақ та өзімізге бейтарап көзбен қарай алмаймыз: өзімізге таққан сынымыз, қалай дегенмен, өзімшілдіктен құтыла алмайды. Өзімізге-өзіміз қандай қолма-қол жақын болсақ та, өзімізді білу үнемі дұрыс болып шықпайды.

Өзімізді бақылау, сынау үшін қақ жарылуымыз керек. Өзімізді ірі сыншының, ірі сыналатын заттың орнына қоя білу керек. Қақ жарылып, бір өзін екі кісінің орнына қоя білуге, әрине, дағды әдет керек. Өзін білу ол-оңай, бір жола табылмайды. Бұл ілтипаттың күшейіп, жетілуімен табылады. Ілтипатымызды күшейте-күшейте қақ жарылуды үйренеміз. Жан мен тән дүниесіндегі әрбір қылмыста бір себеп болмақ.

Жан дүниесіндегі себепті сананың аржағындағы мұнартқан санасыздық дүниеден іздеу керек.

«Сана» деген ұғымнан «жан» деген ұғым анағұрлым кең. Олде қайда терең. Өйткені, «жан» деген ұғымды әлемге төңгерсек, әлемнің ішінде жер дүниесі де, көк дүниесі де бар. Сонда «сана» жер дүниесі, «санасыздық» көк дүниесі тәрізді болмақ.

Жер мен көк қосылып әлем болғаны сияқты, «сана» мен «санасыздық» қосылып «жан» болады. Бұдан да ұғымдырақ етіп айтуға тырысайық. Күндегі өмірді бақылап, зерттесек, санамен білінетін заттардан басқа, бір көмекші қуат арқылы, яғни санасыз-ақ білінетін заттар барлығы көрінеді. Кейде не себепті, қайдан шыққан мәлімсіз, бір төтеп ой сап ете түседі.

Зерттеп, түбірлеп, ақтарып көрсек, сондай түйін шығуға ешбір себеп, оның алдында болған емес. Міне, осындай көп құбылыстар біздің өміріміз, сезіміміз ылғи біздің санамызға ғана байланыбай, санамыздың екінші бір дәрежесіне байлаулы екендігі көрсетеді.

Санамызда белгілі себебі жоқ құюдан туатын құбылыстарды «санасыздық» дүниесі деуге болады. Осы «санасыздық» деп отырғанымыз – біздің нағыз «мен» деуіміз.

Жан өмірімізді тексергенде, «менді» біле алмаймыз. Жан дүниесінің жалпы ағыны мен таныс болу, әр адамның өз жан құбылыстарымен танысып, зерттеуге пайдасы бар. Өйткені, жан жүйесінің мақсаты: жалпы адамның жан құбылыстарын, олардың қатынасын, себебін тексеру. Бірақ жалпы адамдарға тиісті жанның қасиеттерінен басқа, әр адамға қас, өзгеше сипаттар да бар.

Әр адамда болатын өзгеше қасиеттерді женудің ең жабайы, қолайлы жолы сыртқы желілерге әрбір адам жанының қалай жіберуінің қалай жаңғыруын бақылау. Өзгелердің мінезін білу, өз мінезіңді білуге көмектеседі. Өйткені өзгелердің жағымсыз мінездерін көргенде, не болмаса жақсы қасиеттерін көргенде ойланып; «менде жақсы қасиеттер басым ба?», не «керісінше жағымсыз мінездерім басым ба?» - деп өзіңе сұрақ қоясың.

Айнамаңыздағы сені қоршаған адамдар, сені қабылдайды?, сені жақсы, адамгершілігі бар қатарына

жатқыза ма? – деген сұрақ туады. Өзіңе-өзің қойған сыннан гөрі, басқа адамдардың саған қойған сыны әділдірек пе? – деп ойлайсың. Өйткені, біреудің теріс қылығын көру, бізге оңай.

Өзіміздің теріс қылығымызды, біз көргіміз келмейді, өйткені, өзімізді жамандар қатарына жатқызғымыз келмейді, қашанда болсын өзімізді жақсы жақтан көргіміз келеді (бұл барлық адамның жалпы психологиясы осындай). Сондықтан қайдан қайталаймын, біреудің бізге қойған сынына көңіл бөлгеніміз дұрыс.

Көңіл бөліп, жоғарыда айтылғандай қақ жарылып, өзімізге бейтарап көзбен қарап, өзімізді-өзіміз білуге, өзімізге-өзіміз әділ сын беруге үйренуіміз керек. Өйткені, өмірде кейде мынандай жағдайлар кездеседі. Өзгелердің пікірін «күдай» сөзіндей шын көріп, солардың пікіріне құл болатындар да бар. Өзіміз туралы өзгелердің жақсы пікірлері болуын күре берсек, еріксіз өзге пікірге бағынамыз.

Айналамыздағы өзгелер қанша болса, біздің «әлеуметтік мен» де сонша. Біз туралы пікір қанша болса, қырымызда сонша көбейе бермек. Неғұрлым өзгелердің нысы жеңе берсе, соғұрлым «мендік Меннен» айырылып өзгелердің пікірі ықпалдырақ болмақ.

Кейбір адам өзгелердің пікіріне әбден құл болғандықтан, өзінің «мендігін» жоғалтып жұтылып кетеді. Басқалардың пікіріне мойын бұрмай, бағынады, өзінде пікір болмайды. Сондай «мендігінен» айрылған адам анығында басқалардың сынағанындай болмай, сыр-сыйпаты мүлдем өзгеше адам болуы мүмкін. Өзгелердің пікірі, көзі шалыс айнала, оның шын суретін бұзып, қисайтып жіберген болады. Жұрт мені «ақылды» дей берсе, расында «ақылды» екенмін деп өзіме-өзім ден қойып аламын. Не болмаса керісінше, жұрт мені «ақымақ» дей берсе, расында «ақымақ екенмін», - деп өзіме-өзім ден қойсам, өз «мендігімнен» айырылғаным.

Тәрбие үрдісінде - өзін-өзі тәрбиелеу тұлғаның іс әрекетіндегі ең негізгі де шешуші мәселеге саналады. Өйткені, іс-әрекет болмаған жерде адам тығырыққа тіреліп, болмысында бар, қолынан келетін істердің өзін де орындай

шымауы ықтимал деп қараса, біздің халық әрекет жолын күреске балайды.

Қазақ халқының дәстүрлік ұғымындағы «Күрес» іздену, табу, нәтижеге қол жету тұрғысынан әрекеттену. Осы тұрғыдан келгенде өзін-өзі тәрбиелеуді басқа жолмен өтөртуге болмайтын шешуші фактор деп танимыз.

Яғни, қорытындылай келе, әр адам өзін-өзі тани білсе, өзін-өзі тәрбиелей білсе, қоғамда өз орнын үйлесімді қоя білсе, ешқандай қылмыстыққа немесе жағымсыз жағдайларға бармас еді.

ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Жәбірленушінің психологиясының сипаттамасы

Жәбірленушінің психологиясы жеке басының қалыптасу факторларын зерттеп, қылмыстың жасалу тәртібін, жасалу үстінде және аяқталған кезінде, тәжірибелік нұсқаулықтарды құрастырып, жәбірленушіден жауап алуға байланысты және адамдарда моральдық-еріктілік қасиеттерін тәжірибеде қылмыстық қолдатушылықтан жеткілікті қорғану болып табылады.

Жәбірленушінің психологиясы қылмыстық құқық, криминология, әлеуметтік психологиямен тығыз байланысты. Олар «себепті» байланыстың даму шарттары тек қажеттісі болып табылады, оның ішіндегі «себеп» қылмыскердің әрекеттері болып табылады. Қылмысқа байланысты жәбірленушінің тәртіп ролінің қаншалықты маңызды болуына байланысты, сонымен қылмыскердің әлеуметтік қоғамға қарсы икемділігі де төмен болады.

Адамға қарсы қылмыстарда мұндай тәуелділік анығырақ көрінеді. Себебі, психологиялық механизмдегі қылмыс жасауда қылмыскердің эмоцияларына үлкен мән береді. Кейбір жағдайларда аффектілік дәрежеде өсуі мүмкін.

Психологиялық анализ кезінде жәбірленуші тұлғалардың 80% жуығы адамға қарсы қылмыстарда қылмыскер жәбірленушімен туыстық, жыныстық және тағы басқа жақындық қатынастармен байланысты болады.

Жәбірленуші деп, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша оған қылмыс арқылы моральдық, физиологиялық және мүлтік зиян келтірілген адамды айтамыз. Мысалы: оларға адам өлтіру, денеге зақым келтіру, зорлау, ұрлық, тонау, қарақшылық көлік апаттары, бұзақылық қылмыстарында кездеседі.

Қылмыс екі адамның арақатынасында жасалады. Біреуі тергеу барысында айыпталушы, ал екіншісі жәбірленуші болып табылады. Негізгі көңіл, міндетті түрде біріншісіне бөлінеді, кінәлі екендігі жауапкершілігі анықталып, оның тағдыры шешіледі.

Бірақ бұл нақты жағдайлар қылмыстың себептері мен шарттарын толық ашылуы мүмкін болмайды. Егер жәбірленушінің жағдайы көңілге алынбаса, көп жағдайда айыпталушының қылмыстық әрекеттері жәбірленушінің оның әрекеті, қылмыстың құрамының объективті белгілеріне жақын, айыпталушының кінәсіне әрекет етуі мүмкін, ал кейбір жағдайда оның кінәсінің жоқ болуына әкеліп соғады.

Біраз уақыт бұрын тәжірибеде жәбірленушінің ролін бағаламаушылық байқалады. Оны тек біржағынан өзінің жеке мүддесін ұстанушы ретінде қарастырған.

Алдын-ала тергеу, сот барысындағы жәбірленушінің, сондай-ақ оның жасаған қылмысындағы тұтас бірқатар сұрақтарды шешуге көмектеседі. Оған қылмыстардың квалификациясының дұрыстығын себептермен шарттардың терең зерттелуін, қылмыстық істерді жан-жақты тергеу, жаңа дәлелдерді табу және тағы басқалар.

Осы мәселелерді зерттеу өзіне келесі аспектілерді кіргізеді: Жәбірленушіні зерттеу әдістері, оның қылмыс алдындағы әрекетін зерттеу қылмыс үстіндегі әрекетін, қылмыстан кейін соңғысы алдын-ала тергеу барысындағы әрекетін анықтауға мүмкіндік керек. Жәбірленушінің зерттеу әдісін шартты түрде 2 категорияға бөліп қарастыруға болады.

1. «Статистикалық облыс» өзінің құрамына: жынысын, жасын, ұлтын, қызметтік жағдайын, және т.б. кіргізеді. Осы белгілердің қатарын заңның маңызды талабы бойынша бөлу қажет, осының кейбір белгілері қылмыстық саралануына

тікелей әсер етеді, (жыныстық қылмыстарда қарсылық көрсеткенде қызметтік жағдай т.б.).

2. «Динамикалық облыс»: іс болған жердегі жәбірленушінің әрекеті, әрі қылмыстардың оқиғалары.

Жәбірленушінің әрекетін зерттеудегі арнайы әдістерге: тергеу және сот статистикасының анализін тергеу және сот тәжірибесі, сотта психологиялық деректерді зерттеу және танысу, соттық сараптамалар, жәбірленушінің арнайы статистикасы, әлеуметтік психиатриялық және қақтығысты жатқызуға болады.

Осылай, жәбірленушінің адам өлтіру туралы істер бойынша 77% туыстары мен қылмыскердің (адам өлтірушінің) таныстары болған, бұл топтың ішінде кәмелетке толмағандар саны 47% құрайды, өлтірушілердің 2/3-сі 18 бен 40 жас аралығында болған, сонымен қатар өлтірушілердің ішіндегі ерлер 71,4% болады. Осының өзі әлеуметтік топ ішіндегі қақатығыстың жағдайды терең зерттеуді талап етеді.

Жәбірленушінің қасиеттері мен әрекеттерін сипаттайтын факторларға осы қылмыстардың алдын-ала жасалуына алкогольдық мас болу, тәжірибесінің болмауы өз-өзіне сенушілік, шаршау, жүрек аурулары, (психикалық аурулар) невроз және реактивті жағдайдағы психикалық аурулар, сонымен қатар темпераменттің жеке ерекшеліктері болып табылады. Сонымен қатар, осы топтардың жастық және жыныстық ерекшеліктерін атап кетуге болады, жәбірленуші ерлерлердің жәбірленуші әйелдердің санынан 2 есе асып түседі. Жәбірленушінің 40% жуығы балалар мен кәмелетке толмағандар болып табылады.

Қылмыс жасалу кезінде жәбірленушінің әрекеті адамның кез-келген әрекеті сияқты факторлардың екі категориясына тәуелді болады.

Қоршаған ортаның әсері, яғни қылмыстық шабуылмен басқа да әсерден екі тұлғаның жеке ерекшеліктері қоршаған ортаның әсеріне әртүрлі гаммалық реакцияларды қамтамасыз етеді (талып қалудан бастап, өзінің қорғауға дейінгі жағдай немесе қылмыскерге белсенді шабуылы).

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ПСИХОЛОГИЯСЫ

Құқықтық психологиядағы кәмелетке толмағандар мәселелері

Кәмелетке толмағандардың қымыстылығы сыртқы ортаның әсері мен кәмелетке толмаған балалардың өзара әсеріне байланысты. Көбінесе қымысты «қиын» балалар жасайды. Көптеген зерттеулерде көрсетілгендей, кәмелетке толмаған – құқық бұзушылардың танымдық және қоғамдық мүдделерінің деңгейі төмен. Мұндай жасөспірімдердің мінез-құлығы өздерінен үлкендердің жағымсыз қылығынан басым, жауапкершілігі жоқ, жалқау т.б. мінездері ықпал етеді.

«Қиын» бала болып қалыптасуына отбасындағы жағдайларда әсер етеді, отбасындағы қалыпты түсінушілік, береке жоқ үйдің балаларынан шығады. Бұл көбінесе ата-анасының ішкілікке салынуы, моральдан тыс мінез-құлық т.б. байланысты. Кейде баланы шамадан тыс жақсы көрудің, ата-ананың педагогикалық мәдениеті жеткілікті болмауы да зиян тигізуі мүмкін.

Қиын тәрбиеленетін жасөспірімдердің оқуға ынтасы болмайды, нәтижесінде мектеп, ұжым, оқу орны оған қарсы болады. Бұл қайшылықтың бастамасы оқу әрекетінің уәждемесінен бастау алады. Егер балалардың кәсібі оқу процесінде танымдық уәждеме ұстанса, ал қиын балалар бұл процесте мәжбүрлеуге тап болады. Бұл оқуда үлгерімі нашар жасөспірімнің ұжымымен ара-қатынасын одан әрі шиеленістіреді.

Жасөспірім – құқық бұзушылар қатарына көбінесе мектеп ұжымында өз орнын таба алмаған оқушылар кіреді. Сонымен, кәмелетке толмағандардың әлеуметтік жағымсыз мінез-құлығы сыртқы әлеуметтік ортаның және жасөспірімнің тұлғалық ерекшеліктерінің факторларына байланысты.

Жасөспірімдік шақ (11-13,14-15 жас) өтпелі кезең, бұл биологиялық өту кезеңін және жыныстың даму кезеңі. Әлеуметтік тұрғыдан жасөспірім кезеңі алғашқы

әлеуметтенудің жалғасы. Бұл кездегі балалар – мектеп жасында болады және ата-ана қамқорлығында, олардың басты әрекеті – оқу болуы тиіс. Жасөспірімнің әлеуметтік мәртебесі жас баланың мәртебесінен көп ерекшеленбейді. Олардың биологиялық даму қарқыны басым болып келеді.

Психологиялық маңызды жаңалық - өзін ересек сезіну сезімі. Бұл кезең балалықтың соңы мен одан өсіп кету кезеңі.

Жастық шақ (14-18 жас) басқаша айтқанда балалық пен ересектік арасындағы «үшінші әлем». Биологиялық тұрғыдан – дене пішінінің жетілуінің біту кезеңі. Бұл кезең соңына қарай биологиялық жетілу негізінен бітеді, одан әрі жетілу ересектік кезеңнің басы деп қарау керек.

Жастық шақ - бастапқы әлеуметтенудің соңғы кезеңі, әлі де мектеп оқушылары болып саналатын қыздар мен жігіттер, олардың өндірістік еңбекке араласуы экономикалық тиімділік жағынан емес, тәрбиелеу құндылықтары ретінде қарастырылады.

Жастық шақтың қоғамнан алатын орны мен мәртебесі оның психикалық ерекшеліктерін анықтайды.

Көптеген жасөспірім шақтағы ер балаларды, өздерінен жас ерекшеліктері жағынан үлкендердің мәселелерінің ерекшеленуі ойландырады. Сонымен бірге әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі бағалау міндеттері де тұрады.

Қалыпты жағдайларда моральдық және құқықтық нормаларды игеру жасөспірім кезеңінде (14-16 жас) аяқталады. Бұл жағдайды заң шығарушы есепке ала отырып, 16 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке белгілейді. (Ұрлық, өлтіру, зорлау) 14 жастан жауапкершілік және қылмыстық заңдарда көрсетілген қылмыскер үшін 16 жастан бастап толық жауапкерлік жүктеледі.

«Қиын» жасөспірім тұлғасы оның әлеуметтенуінің деңгейінің төмендігімен сипатталады және тәрбиелеудің үш саласының: отбасы, мектеп, өндірісте кемшіліктер жіберілгендігін көрсетеді. Екінші жағынан, қиын жасөспірім тұлғасына ерекше әсер ететін орта- көше, аула, «жағымсыз қышықты балалардың көшедегі топтары».

«Қиын бала» - қалыптасқан ұғымға салсақ, сүйкімсіз бала. Бұл көзқарасты түбегейлі өзгертуіміз керек. «Мынау

сондай» деп қол шошайтып көрсетіп, құстаналап, аңғырттық жасаған бірлі-жарым күнәсін бетіне баса берсек, әрине, қай-қай баланың да қиямұрыстанып, кері кетуге бейімделе беретіні, өзінен-өзі тұңдılıп, бірден-бірге қоғамнан саяқтана бастайтыны анық.

Ал, шын мәнінде «қиын бала» ішінде – психологиялық ойлау жүйесі мықты, еңбекқор, білімқұмар, әдепті, шыншыл, өнеге бастап, жүрегіне жол тапса талай игі іс тындырар жасампаз тұлға шығатындары баршылық. Алайда, олардың жұлқына алға озуына, өзін-өзі тануына отбасы, ортасының жағдайы төмендігі де кесе-көлденендейді де тұрады. Тәрбиеленуі қиын деп, педагогикалық ықпал етуге көнбейтін, әр түрлі себебі бар, педагогикалық және әлеуметтік тәрбиеден тыс кеткендерді айтады. Бала даму процесінде әр түрлі дағдарысты кезеңдерден өтеді, онда бала психикасы мен организмдегі жаңа қалыптасу белдеулері көп болады. Жаңа қасиеттердің секірмелі үлгілерінің бала бойында пайда болуы ересектердің, ата-аналардың, мұғалімдердің оларға деген көзқарастарын қайта қарауды, тәрбиелеу мен әсер ету шараларының жүйесін өзгертуді талап етеді.

Тәрбие процесін басқару өте қиын, ол еш уақытта бірқалыпты жағдайда өтпейді. Белгіленген мақсаттан ауытқып кетушілік болады. Өйткені, педагогтар мен ата-аналар тарапынан баланың дамуында адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуында ағаттық педагогикалық қателіктер жіберіледі. Осының нәтижесінде тәрбиесі қиын балаларды байқауға болады. Педагогикалық тәрбиесі қиын балалар – бұны оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықпалсыз жоқ балалар. Олар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдептерге еліктеуге бейім келеді.

Л.С.Выготский дағдарыстарды жаңа туылған баланың 1 жасқа дейінгі, үш, жеті, 13 жастағы деп бөледі. Бала басынан өткізетін дағдарыстар ішінде балалар үшін де оларды тәрбиелеушілер үшін де қиыны - өтпелі кезеңнің жасөспірім дағдарысы. Ол біріншіден, организмнің тез және біркелкі емес жетілуі, әсіресе жасөспірімнің жыныстық жетілуі. Бұл біркелкі еместік сүйек-тамыр жүйесінен, дене бітімінен, жүрек-қан тамырлары, ішкі органдар дамуынан да

байқалады. Бұл кей жағдайларда органдар дамуында өзгешеліктер (басы кішкене, бойы ұзын, кеуде бөлігі тар, аяқ-қолы ұзын т.б.) болғанда балалар қиналады және өзін қатарластары арасында ыңғайсыз сезінеді. Енді бір жағдайда, жүрек-қан тамырларының біркелкі дамымауы өзін ауру ретінде сезінуге әкеледі.

Жасөспірімнің мінез-құлығына ықпал етуші ретінде эндокринді жүйесінің жетілуін айтуға болады, көңіл күйдің өзгеріп отыруы, мінез-құлықтағы байсалдылықтың жоқтығы, қақтығыстар, оның қоршаған адамдармен қатынасын күрделендіре түседі.

Ата-аналармен, мұғалімдермен қатынастың шиеленісуі тек олардың органикалық өзгерістерін ғана емес, жасөспірімнің ересектермен, өзі қатарластармен қатынас жүйесін де өзгертеді. «Бағыну моралі» бұрын ересектерге бағынуы енді «тендік моралімен» ауыстырылады. Ересектердің бағалауымен ықпалынан құтылу үшін жасөспірім мұғалімдерге, ата-анаға сыни көзбен қарай бастайды. Адам өмірге келгеннен бастап әлеуметтенуі басталады. Бұл әлеуметтік мінез-құлық әдеттерін игерудің белсенді процесі.

Барлық ата-ана өз баласын жақсы көретіні белгілі. Бірақ баланы тек жақсы көріп қана қоймай, оған сыйластықпен қарауы керек. Кішкене баланың еркіндігі бастапқы кезеңнен шектеледі, олардың танымдық белсенділігі шығу жолын таба алмай тоқтап қалуы.

Бала төсекте жатса, ол тыныш жатуға міндетті, аулада ойнағанда үстін бүлдірмеуі керек, бала бақшада тез жүріп өзгелерден қалып қоймауы керек. «Болмайды, онда барма, олай жасама!»-деген сөздерден баланың дербес танымдылық белсенділігі, өзін-өзі адам ретінде дамуына кедергі келтіреді.

Мектеп ата-ана мен бала бақша тәрбиесін әрі жаңғастырады. Мектептегі оқу мен тәрбие процесі қазір шығармашылық орындаушылық бағытта ғана тәрбиелейді. Оқу нормалары «орташадан төмен» нәтижеге икемделген. Осы кезеңге дейін үшінші сынып оқушылары үшін минутына 80-90 сөз оқу нормасы болады, бұл жартылай сауаттылық белгісі. Нормалардың төмендігі жамаң оқитын оқушыларға

икемделген. Жазуға оқыту, үйрену де осыған ұқсас. 10 сөз жазу, ал мұндай жағдайда кейбір балалар ол мезгілде 20 сөз жазса, өзгелері 5-ақ сөз жазып үлгереді. Зерек оқушылар 1 минутта 2 мәнді санды көбейтудің 4 мысалын шығарса, нашар оқитын оқушы бірде-бір есеп шығара алмайды. Мектепте жұмыс жасайтын мұғалімдер пікірінше оқушылардың сөз қоры өте кедей.

Балалар ересектерге де, мұғалімдерге де сұрақ қойғыш. Олар көбінесе: бұл не, қашан болды, қайдан сатып алуға болады? -деген сұрақтар. Неге, не үшін?- деген сұрақтар өте сирек қойылады. Ал бізге ойшыл, танымдық сезімі мол, білуге құмар, еңбекті шығармашылық деп қарайтын адамдарды тәрбиелеу керек.

Біздегі білім беру жүйесі – орындаушыны ғана тәрбиелейді. Бала бақша, мектеп, колледж, жоғарғы оқу орындарынан өткен адам орындаушы болып шығады. Осы жүйеден тәрбиеленіп шыққан саналы адам, іс жүзінде – тілалғыш орындаушы. Теледидардан жүргізілген «Ересектерге бақылау жұмысы» деген хабар мектеп тәрбиесінің нәтижесін көрсетіп берді, бұл саналы адам орындаушы ғана, өзінен-өзі ізденуді білмейді.

Бұл шарттар ізденуге ұмтылуды және баланың өзін-өзі бекітуіне әсер етеді. Ер адамды өзінің әлеуметтік ролін игеруге тәрбиелеу керек: жауапкер, әлсізге көмек, ұжым үшін жауап беру, мектеп тәрбиесінің нәтижелері, ал «барлық жауапкершілігі бар қоғамдық жұмыстарды»-қыздардың мойнына артты, олар «тілалғыш, орындағыш».

Ер балаларға еңjarлық басым. Осы рольді қабылдағысы келмеген көптеген балалар енді достарын даладан табады, сөйтіп, көше тәрбиесі тәрбиеленуі қиын балалар тобын құрайды. Қазір әрбір мектепте қабілеттілігі шектеулі болғандықтан орта мектеп бағдарламасын толық игере алмайтын балалар бар. Төртінші сыныптан бастап, олар екінші жылға қалдырыла береді, ал бұл, сұрақтың шешімі емес.

«Пайыздық көрсеткішдерді» қуған мектептер мұндай балаларды 8 сыныпқа дейін сүйрейді. 7 сыныпқа келген кезде бұл балалар оқудың бетін жауып қояды. Олардың көбісі

сыныпта жетекші ролде болу үшін, өздерін көрсетуге тырысады. Мұндай балалардың көбісі балалар коллониясына түсіп, орта білім туралы аттестат орнына сотта болғаны туралы анықтама, оқу орнына түсудің орнына немесе жұмысқа тұру орнына жаңадан қамау, әскерге алынудың орнына енді ересек адам ретінде сотта болу т.б. созылып кете береді. Сөйтіп, қоғам еңбеккер орнына «құқық бұзушы мамандығын» алады. Ерекше қауіпті қылмыскерлердің 85 % алғашқы қылмысын 18 жаста жасаған. Соңдықтан, қылмыстықтан құтылу үшін, балаларды тәрбиелеудің стратегиясы мен тактикасын қайта қарастыру керек.

Жоғарыда аталған құбылыстар оқушылардың басым бөлігінің оқуы мен тәрбиесінің жетіспеушілігіне әкеледі. Ол балаларда жауапкершілік сезімі қалыптаспаған, еңбек етуге үйренбегендіктен өндіріске келген кезде зиянынан басқа берер пайдасы болмайды. Мұның бәріне кінәлі: олардың бойына бәріне кешіріммен қарауға сенімділік берген және заң күшімен олардың күші жетпейтін оқуға мәжбүр еткені үшін кінәлі, ал кейбір жасөспірімдер жасөспірім шағында кәсіби дайындық алады да, болашақта жақсы еңбеккер болып шығады және еңбектен өз жолын табады. Олардың көбісі өз еркімен білім алып, оқудан жіберген кемшіліктерінің орнын толтырады.

Көптеген сыныптарда ортаға қарай бейімделу, жақсы оқитын оқушылардың өзін үштік бағаға қанаттануға әкеледі, оларда білуге деген жоғары құштарлық болмайды.

Бір балалар лагерінде демалушы балаларға арналған «болмайды» деген сөзбен басталатын нұсқау жобалады:

- жалаң аяқ жүруге, көйлексіз көктің үстімен, шеберханаға, өз бөлмеңе, езге отрядтарға, территорияларға баруға болмайды;
- бөлмеде, залда, асфальтта, орманда жүгіруге болмайды;
- күндіз төсекке жатуға, шөпке, орындыққа жатуға болмайды;
- үстел басында, жатын бөлмеде, қатарда тұрғанда, ересектер тұрғанда сөйлеуге болмайды.

Мұндай лагерге балалар демалуға емес, нұсқау, ережелерді орындау үшін келетін сияқты. Сөйтіп, ересектер

мен жасөспірімдер арасында отбасында, мектепте, көшеде, қоғамдық орындарда кикілжіндердің өрши түсуіне себептер көбейеді. Мұнда ересектердің педагогтық тәжірибесінің болмауы, жасөспірімдердің дербес қауырт-ғасиетін сыйламау, оның психологиялық ерекшеліктерімен санаспау, адам ретінде қалыптасып келе жатқанына назар аудармауы кері әсер етеді.

Жасөспірім кезеңнің дағдарысы оның өзімен қатарластарымен қатынасын қайта құруына әкеледі. Жасөспірім қатарластарымен байланысты қажет етеді, олардың ортасында өзінің тұлға ретінде бекінуін, олардың пікірімен санасуды қажет етеді. Бұл өз кезегінде ересектердің ашуын келтіруі мүмкін. Мұндай құбылыстар бұл жаста өзінен-өзі пайда болмайды. Олар жасөспірім шақтағы өзіндік санаға, өзін-өзі бағалауға, жеке адам негізінің қалауына байланысты туындап, жеке адамның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі реттеуінде үлкен роль атқарады. Өзін-өзі бағалаудың, өзіндік сананың қалыптасуы өзі секілділермен қатынастар процесінде туады.

Жасөспірімнің өзін-өзі тануы қолайлы жағдайда өтуі керек және ол әлеуметтік мәні бар пайдалы әрекетке негізделуі керек. Ал егер бұл белгісіз себептермен ресми емес жасөспірімдер тобында, көшеде, күмәнді адамдармен өтсе, бұл қауіпті криминалдық жағдайға жеткізуі мүмкін. Бұл кезеңдегі жыныстық жетілу жасөспірімнің әйел мен ерлер арасындағы өзара қатынас проблемаларына қызығушылығын арттырады. Макаренконың сөзінше, жасөспірімнің бойындағы жыныстық қызығушылықтың табиғи «жарылысы» басталады. Сондықтан жасөспірім шақтағы ер балаларды жыныстық тәрбиелеуге ерекше назар аудару керек.

Жас кезеңде жыныстық қатынасқа қызығушылық тұлғаның моральдық мүмкіндіктеріне кедергі келтіруі және әйелді тұтыну мен уақыт өткізу құралы ретінде көзқарастың пайда болуына, некеге деген сенімнің жоғалуына әкеледі.

Кәмелетке толмағандардың әр түрлі әлеуметсізденуінің мысалы болатын жасөспірімдердің дербес ерекшеліктерін бөлуге болады: ол алдымен, қолайсыз дербес ерекшеліктерге


кейбір дағдарысты құбылыстарды жатқызуға болады, ол жасөспірім кездегі психифизикалық дамуды көрсететін, қиын тәрбиеленуді көрсететін сипаттағы құбылыстар. Бұл дағдарысты құбылыстарды жалпы оқу-тәрбие процесінде, ересектер, ата-аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер көмегімен жоюға болады және бұл жастағы балаларға тән ерекшеліктерді де есепке алу керек.

Балалардың әлеуметтік икемденуіне әр түрлі нерв-жүйке аурулар, ауытқулар да кедергі келтіруі мүмкін. Бұл жерде педагогикалық үйлестіру шаралары жеткіліксіз, бұған психиатрлар, невропатологтар, психотерапевтер көмегі қажет, тәрбиелік сипаттағы шаралармен бірге дәрігерлік көмек те қажет.

ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҰРАҚ-ЖАУАП

Қосымша тергеу жүргізілген кезде әртүрлі әлеуметтік қарсылықтар да туындайды, бұның бәрі әрине қылмыс жасаған кезде орын алады. Қарсылықты әрекеттер қылмыспен әр уақытта байланысты емес. Қылмыстар көбіне көптеген тұлғалар мен топ адамдармен жасалады, осыған байланысты бірнеше адамдардың немесе топтың қарсылықтары да кездеседі. Сондықтан істі қарау барысында, әсіресе бастапқы сатысында тергеуші шындыққа жету үшін көптеген қарсылық іс-әрекеттерге, яғни қылмыс орын алған кезден бастап тап болады. Іс шындыққа жету мақсатында көптеген қақтығыс, қарсылықтарды бастан кешеді, әртүрлі тұлғалардың, көптеген топтардың іске қатысуға, дәлелдеме беруге деген қарсылықтары, яғни бұның бәрі істің шешілуіне өз қиянатын тигізеді.

Адамдардан сұрақ - жауап алудағы мақсаты, яғни тергеуші мен куә болған адам арасында түсініспеушілік болса істің шешілуі одан әрі қиындайды, сонымен бірге мақсатының, яғни істің шешілуін жоққа шығарады.



Сондықтан, іс-барысында қосымша тергеу жүргізілген кезде тергеуші мен айыпталушы арасында келісушілік болуы өте маңызды, сонымен бірге тергеушінің зиян шеккен адаммен және куә болған адамдармен келісімі болуы шарт. Тергеуші мен айыпталушы арасында бір-біріне деген сенім мен қарым қатынасы жақсы болса іс өз шешімін табады.

Берілген жауапты немесе алынған мәліметтерді өз нәтижесінде қолдана білу тергеудің жоғары дәрежеде жүргізілгені деп есептеуге болады. Бұл үшін тергеушінің өзінің қолданыстағы заңдар жинағын дұрыс қолдана білуімен, жоғарғы заң білімінің болуын, қылмыстық іс жүргізу заңдарын нақты негізде қолдана білуі және этикалық нормаларды сақтай білуі қажет. Көптеген жағдайда тергеуші айыпталушыдан сұрақ-жауап алғанда бұл екеуінің арасында тартыс секілді көрініс табады. Бұл, әрине, дұрыс емес тұжырым. Мұндай көзқарас әрине, архаистік негізде орын алады, әсіресе 30-40 жылдары саясатқа негізделген деп түсінуге болады.

Технократиялық тенденциялар тергеу аппаратының құрамына енген және жоғарғы дәрежеде таратылған кез бұрынғы заманды қамтиды: нормализм мен стереотиптік шешімдердің қиын жағдайда қаралуы, тірі адамды тыңдауға құлықсыздық, адамның қиналғанда селсоқтықпен қарау, бұның бәрі трагедиялық үлкен қателіктерге алып келді,

кінәсіз тұлғаны кінәлі деп жауапкершілікке тарту оны кінәлі немесе кінәсіз екенін анықталмай жатып жауапкершілікке тарту сол заманның зор қателігі.

Гуманизм қағидасын қарастырмас бұрын сұрақ-жауапты біріншіден, тергеуші мен жауап беретін тұлға арасындағы сөз ретінде қарастырамыз, яғни шындықты, шын кінәліні анықтау үшін жүргізіліп жатқан іс-әрекет ретінде бағалаймыз.

Тергеуші — маман және өз ісіне жауаптылықпен қарайтын хирург. Екеуіне де қоғам құқық берген. Хирург өзінің құралымен адам өмірімен, жанымен араласса, тергеуші одан да көп құқықтар иеленеді. Қамауға, оларды ұстауға, тінтуге. Бәрінен де бұрын қоғам мүддесі үшін және өзге тұлғалардың қылмыс жасаған жағдайын анықтау барысында, олардың өміріне, жан дүниесіне араласуға құқығы бар, әрине, бұл құқықтарды заңға негізделе отырып қолданады. Жауап алу — хирург операция жасағанда қандай қиын болса, ол да сондай қиын болады. Жауап алуда екі түрлі көзқарас тұрады, ол: екі бостандық, екі әдіс тәсілі және қақтығыс. Әртүрлі жағдайлар жауап алу арқылы жауап берушінің тағдырын әрқашан оның мүддесіне шеше бермейді.

Тергеуші істі жеңу үшін жоғарғы заң білімі, психологиялық жоғарғы білімді және жауап алу әдіс тәсілін меңгеруі керек. Кейбір жағдайларда айыпталушы адам жауап алу барысында өз қателігін мойындап және сол үшін алатын жауаптылық дәрежесін де көтереді. Бұл не себептен? Осы сұраққа жауап іздей отырып, біз бір рецидивист туралы оқиғаны мысалға алайық. Бұл бұдан көптеген жылдар бұрын болған еді.

...Ол қылмыскер өте білгір, өз ісін нақты және тиянақты, ізін қалдырмауға тырысып жүзеге асыратын.

Сағат 11.00 шамасында пәтерде өте тыныш, үй иелері жоқ болатын. Қылмыскер алдын ала бәрін анықтап, бұл уақытта үйде ешкім болмайтынын анықтап қойған. Есікті еш қиналмай өз құралымен ашып, адымдап басып кірді. Үйде не ит, не сигнализация болмаған. Оған тек бағалы заттарды сомжесіне салып, ізін білдірмей кету ғана қалды. Бір уақытта шкафтың ішінен киім ілгіштегі әскери киімді

байқады. Ол киім 20 жыл бұрын болған оқиғасын есіне түсіреді. Ол бұл кезде пехотаның тәрбие бөлімінде болатын. Оны жауынгерлер қатты еркелететін, тамағын беріп, жаулардан қорғайтын. Бірақ оқ тиіп қатты жарапанып қалады. Ол өзінің бір әскери киімдегі кісінің суырып алып сүйреп бара жатқанын түсінеді. Тек есінде қалғаны оның жылы дауыспен “Шыда”, “Шыда” деген дауысы ғана.

Шкафтың жанында өз өміріне өзі риза болмай отырған, көз жасын төккен шал жылап отыр. Ол өзінің жолы болмаған өміріне қапалы еді. Бір-екі минуттан соң ол-02 нөмірді тереді де, “Келіндер ұстандар мені” деп өзін-өзі полиция қызметкерлеріне ұстап береді..

Ол өзінің бұрынғы кезін еске алып, оның іс-әрекетіне кері әсер тигізді, өйткені ол сол кездерде нағыз адам болатын. Әскери киім оның нағыз жанды жеріне әсер етті.

Маман тергеуші тура осындай іс-әрекет істесе, жауап алу кезінде өз ісінен жүйелі түрде нәтиже ала алады. Жауап берушінің бұрынғы өмірінің жанды жеріне байланысты сұрақ қойса, ол сұрақ оған қатты әсер берсе, оның өзінің қалай жауап бергенінде байқамай қалады. Осы негізді әдісті тергеуші пайдалана білу керек.

Тергеуші өз алдында отырған адамға жақсылап қарап, психикалық жағдайын анықтап барып сұрақ қойса, нақ түсуіне ешқандай күмән болмайды.

Жауап алудың бірінші сатысында – кіріспе, бұл жерде тергеуші жауап беруші адамнан өзі туралы анкеталық мәлімет алады, фамилиясын, атын, тегін, туған жылын, отбасылық жағдайын т.б. Бірақ тек ішкі жағдайын ғана. Осы саты арқылы екеуінің арасындағы қарым-қатынас орнай бастайды.

“Сен кімсің? – деген ойлар тәрбиеленушіде болады. Бұл істі сен алып кете аласың ба, жоқ па, ақылдылығын жете ме? Менің айтқан сөздеріме сен түсінесің бе, жоқ па? Саған сенуге бола ма? Мен сені әлі тексерем, тындаймын, бақылап өз жауабымды айтамын”- деген сенбеушілік болады.

Екінші сатысында – психологиялық байланысқа түседі. Бұл сатыда іске қатысты көптеген сұрақтар қойылады.

Мұндағы ең негізгі мақсат – тергеуші мен жауап беруші адам арасындағы сенімді арттыра түсу, оның сеніміне кіру, үй жайын, жеке өмірін, тіпті табиғатты, ауа райын сұрап отырып өзіне жақындастыру. Екеуі бір-бірінің шындық айтып отырғандығын сендіруге тырысады. Біз бұл сатыға әлі ораламыз,

Ал үшінші сатысында – осы сатысында тергеуші нақты мағлұмат алуға тырысады, яғни қылмыс ашуға негіз болатын іс-әрекет жасайды. жауап беруші адам сеніміне ену арқылы, өзінің біліктілігімен, білімімен тергеуші өзінің мақсатына жете алуы мүмкін, яғни осы үшінші сатыда ол қылмысты ашады. Нақты мәлімет алғаннан кейін де іс әлі аяқталған жоқ.

Төртінші сатыда – барлық алған мәліметтерді тергеуші іске тіркейді, одан кейін кейбір кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді толықтыра бастайды.

Ары қарай қорытынды сатысында – іс барысында алған жауаптарды немесе өзге де жолмен алған деректерді жазбаша түрде түсіріп хаттамаға тіркеп дұрыстығын тексеріп қол қояды.

Сұрақ-жауап алу арқылы тергеуші мен жауап беруші адам арасында мәліметтермен алмасу процессі жүреді, ол екі аспектіден тұрады: ол сұраушы мен жауап беруші арасындағы байланыс немесе өзгеде іс-әрекеттер (мимика, әрекет, түсінің өзгеруі) арқылы алынатын мәліметтер деп қарастырамыз.

Барлық коммуникация вербалдық және вербалдық емес деп екіге бөлінеді. Тұлғамен сөйлесу арқылы көп нәтижеге жетуге болады. Яғни вербалдық емес қатынас арқылы мәлімет аласын, ал вербалдық (сөйлесу) қызметке қосымша көмек болады. Ондай жағдайда қандайда бір белгі ретінде қарастырылады. Нақты нәтижеге жету үшін және тұрақты қатынас орнату үшін вербалдық, вербалдық емес қатынасты ұстай білу керек.

Тергеушілік қызметте вербалдық емес қатынастар жартылай қызмет атқарады:

- вербалдық емес қатынастар вербалды материалдардың маңыздылығын арттырады

- істі өз негізінде ашылуға жағдай жасайды
- тұрақтылық қызметін атқарады және бір жағдайда маңызды емес мәліметтерді қарастырса, кейбір жағдайда маңызды мәліметтерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Әртүрлі әдістер арқылы, адамның іс-қимылы, әрекеті, сөйлеген сөзінен басқа іс-әрекетінен бақылау арқылы қылмыскердің іске қатысы бар ма, жоқ па екенін анықтауға болады. Космонавтармен байланысты жағдайды, олардың жағдайына бақылау жасап отыратын арнайы құралдар бар, олар космонавтардың ұшу кезінде болсын, жаттығу кезінде болсын қолданылып отырады. Тергеуші осы сияқты жауап беруші тұлғаны күнделікті бақылап отырады. Осындай әдіс арқылы оның айыпталушыға деген күдігі расталады. Сонымен бірге психикалық мимикасы да өзгереді.

Тұлғаның бет әрекеті арқылы оның биологиялық және әлеуметтік жағдайын анықтауға болады. Осы ерекшелігі арқылы біз оны бағалаймыз. Тергеу кезінде кейбір тұлғаның бет әлпетінің қызаруы немесе өзге де ісімен өз - өзін тергеуші алдында ұстап береді.

Көз адамның жан дүниесінің айнасы демекші, көз арқылы көп нәрсені білуге болады. Көзі бадырайып, жанары жарық-жұрық етіп тұрған көзден көп нәрсені білуге, әрі көп нәрсені көруге болады. Ал ұмытылыс үстіндегі, әр нәрсеге тесірейе қарайтын көздерден қоғамнан алыстағысы келетін, еш нәрсемен байланысқанды қаламайтын жағдайды түсінеміз. Басы төмен түскен көз қарасты қабақтың астынан болса, онда сенімсіздік, тұйықтылыққа алып келеді. Осы көздер арқылы, оның ар жағында не жатқанын анықтауға болады.

Көзқараспен бірге шекенің қыртысын да мимикалық қызметке кіргізуге болады. Көбінесе шекенің қыртысы қасты жоғары көтергенде пайда болады. Кейбір тергеушілер шеке қыртысын “дене қыртысы” ретінде қарастырады.

Аузының бостығы адамның жалқаулығын, бостығын көрсетеді. Аузының айналасындағы босаңқы сызықтар туылғаннан қыртыстардың толық еместігін білдіреді. Ауызды жұмып тұрып “ішкі сезіммен күлу”, онда көз

күлімдеп тұрады. Психология тұрғысынан алғанда бұны өз қарсыласымен үлкен сезімде сәйкестігін түсінуге болады.

Қорыта айта келе, бет қыртысын бір негіз ретінде қарастыруға болады, одан келесі аспектілерді айтуға болады. Қимы, шапшандық және оларды алмастыру негіздері. Осындай анализ арқылы тергеуші жауап берушінің жағдайын білуге мүмкіндік алады, қорытындысында жеңіске жетуге мүмкіндігі болады. Тергеуші өзінің психикалық жағдайын ұйымдастыра білу керек.

Жақсы тергеуші өзінің біліктілігімен айыпталушыны баулай білуі керек: бірінші сатысында айыпталушының бойындағы кекті, өкінішті, қорқынышты от жалынның өшіре білу керек. Тергеуші айыпталушыны бірінші жан күйзелісінен алып шығып, одан кейін барып, сөйлесу керек. Бұл қатынас біріншіден, жәбірленуші мен айыптаушыға қатысты әртүрлі әрекеттердің әсерінен (қылмыстың орын алуынан, түрмеде бірінші жағдайда, қылмыскер тарапынан төнген қауіп т.б.) уайым, қайғы жағдайында болады. Тергеуші бірінші осындай жағдайды, әрі екіншіден, оның негізін дұрыс анықтай білу керек, үшіншіден, арнайы психикалық әдістер арқылы оның бұндай жағдайын жою керектігін және жүйкесін орнына келтіру жағдайын жасайды.

...17 жастағы И.есімді жәбірленушіні топ адамдары зорлап кеткен. Осыдан кейін И.жәбірленушіде психикалық зардап негізі туындады. Тергеуші бұл қызды процессте отырғанда оның өте тұнжырсаулы, әрі жауапқа ауыр жауап беріп отырғанын байқайды. Қыз өзінің процессте шыдай алмайтынын және қылмыскерлермен бетпе-бет кездесе алмай, талып қалатынын тергеушіге жеткізеді. Осы аралықта айыпталушылар іске араласып, бетпе-бет кездестіруін талап етіп жатқан.

Тергеу ісі қиын жағдайға келді. Бір жағынан, айыпталушының сұрауынан бас тарту мүмкін емес еді, жәбірленуші бәрібір сотта айыпкермен кездесетін еді, ал бір жағынан қыздың жағдайы. Істің қыз пайдасына шешілуіне күмән туа бастады.

Прокуратурада осы сәтте тағы бір қылмыстық іс қаралып жатқан еді. Бұл істе К. деген қыз куә ретінде қатысып жатқан болатын. Істің мәніне қарағанда қыз екі қастасушыны, яғни екі жақты достастырған. Әжет және тысық К. өзіне адамдарды қарата білді, әсіресе прокуратурада сұрақ-жауап алу барысында осы қызды жәбірленушімен таныстыру керек деген тергеушіге ой келді. Сөйтіп екеуі қабылдау бөлімінде танысып, достасып алды. Біраз уақыт өткен соң қыздың арқасында ортаға көзқарасы өзгере бастады. Қыздың бойында кек алу деген ой, өжеттілік оты пайда болды. Процессіте қыз өзін-өзі өте мықты ұстады.

Тергеушінің бөтен адамдармен тез арада тез араласып кетуі, олардың өздеріне керек деректерді алу мүмкіндігі, адаммен тез сөйлесіп кетуі, эмоционалдық тұрақтылық, адамды тындай білуі, адаммен қарым-қатынас жасай білуі, адамның ішкі жан дүниесін тани білуі, сыйлауы, өз-өзін ұстай білуі. Бұның бәрі оның өз қызметінің шеберлігін білдіреді.

Байланысқа түсуі – оның қаншалықты орындалуына байланысты. Білімді тергеуші өзінің практикасын, сөзінің мәнерін жауапкер ынғайына қарай өзгертіп отырады.

Бірінші сатыда – динамикалық байланысқа түседі. Адамның нерв жүйесіне әсер ету арқылы күшпен, жігермен, салмақтылықпен байланысқа түседі.

Екінші сатыда – аргументтік сипатта болады.

Үшінші саты - әлеуметтік психикалық қатынас, жауапкердің ынғайын байқаумен байланысты болады. Сұрау кезінде адамның күштілігін, қатаңдығын байқасаң да, жай сөйлеуге тырысу керек, сол кезде оған да сондай қатынас пайда болады. Сондықтан флегматиктермен сұхбаттасқанда жай негізден, одан біртіндеп көтерілу керек.

Көбіне мінезі жұмсақтар өте жауаптылықпен қарауы керек. Көбіне мұндай мінез қиындық тудырады, ашылып, сөйлеп кету қиын болады. Мысалы ретінде мұндай мінездерге “емтихандық кездерді” айтуға болады. Үлкен

шабуылмен бас салсақ, меланхолик деңгейін тез түсіріп алады.

Бұзықтылық жасалған, адам өлтіру жөніндегі істі жүргізу барысында тергеуші көптеген қиындықтармен кездесті. Қылмыс екі жыл бұрын болсада ашылмаған түрде қалған, куәлері табылмаған.

Тергеушінің болжамы бойынша қылмысқа қастысты болған куә-ол онынышы сынып оқушысы Л.есімді азамат еді. Оны білу үшін азамат Л-дан жасау алу керек болды. Егер әңгіме сәтсіз өтетін болса, істін бәрін құртатын болады. Сол үшін тергеуші ол сәтке біраз күн дайындалды, алдын ала оған сабақ берген мұғалімдермен, таныстарымен, көршілерімен әңгіме жүргізді. Осыдан тергеушінің көз алдында өте тұйық, өз-өзіне жаны батып жүрген адамның бейнесі елестеді. Ол өзімен болған реніштік жағдайларды ұмытпайтын, ұзақ талдап отыратын. Елдермен тіл табысуы өте қиын, жан дүниесін ешкімге айтпайтын, нерв жүйкесі тазған адам болатын.

Тергеуші тергеуді Л. азаматының мінез-құлқын, темпераментін білу арқылы жүргізді. Ол баланың өмірбаянын айтып беруді сұрады. Туған мезгілімен, білім деңгейін айтып келе жатып тоқтап қалды. Сонда тергеуші басқа сұрақтар қоя бастады. Сұрақтардан азамат Л. тергеушінің ол жайлы жақсы білетіндігін түсінді. Тергеудің барысында азамат Л. сұраққа жасау бергісі келмеді, бірақ тергеуші оңай сұрақтар қою арқылы, екеуінің арасындағы қарым-қатынас терең психологиялық әңгімеге ұласты. Біраз сағаттан кейін, тергеуші оған сыпайы:

Жанынды мазалап жүрген нәрсе барма? - деп сұрады.

Азамат Л-дің есіне, екі жыл бойы мазалап жүрген қасірет түсе бастады да, түрі бұзылып кетті.

Енді барлығын өзің айт - деді тергеуші.

Сіз бәрінде білесіз ғой- деді де, оқиганың қалай болғанын толығымен айтып берді. Тіпті өлтірушінің өзі азамат Л. сияқты толық сипаттама бере алмады.

Тергеудің дұрыс әдісін таңдау жауап берушіге байланысты. Бір дәлелді әр адам әр қалай қабылдайды. Жол апаты көлігі болатын көшедегі қиылыстың жүріс-тұрысын жүйеге салу белгі тәртібін өзгерту керек екеніне көзін жеткізу үшін, адамның типіне байланысты біз көптеген дәлел қолданамыз. Адамның «Көркемдік» типіне алатқа ұшырап жатқан адамның түрі, маңызды дәлел болып табылады. Ал «абстрақтық» типіне статистикалық мәлімет, нақты болған оқиға және оның салдары көп әсерін тигізеді.

«Көркемдік» типке жататын адамдарға тергеу барысында бейнелі дәлелдерді ұсынады: сурет, айғақты зат т.б., ол оларға қатты әсерін тигізеді. Тергеу барысында олар аз танымалы жердің, адамның бейнесінің сипатамасын бере алады. Толық мәлімет алу үшін оларды оқиға болған жерге әкелген жөн.

«Абстрақтық» типке жататын адамдар тергеу барысында эксперттік қорытынды жасауға лайықты дәлел болып табылады. Бұл адамдар оқиғаның себебін айтуға тырысады, есіне түсіру үшін оларға тергеуші барлық мәліметті толық ұсынады.

Психологиялық тергеу барысындағы ең маңызды мәселе, тергеушімен жауап берушінің арасындағы қарым-қатынас. Ол соңғы нысанына көп әсерін тигізеді. Тергеу ісінің тәжірибесі бойынша, айыпталушы тергеушіге сенбегендіктен өзінің айыбын жасырады.

Қамаудағы адамдардан сұраған кезде, олардың қылмысы дәлелденсе де, тергеушімен әдеттегідей қарым –қатынас

болмағандықтан толық мәлімет берілмегендіктерін айтты. Егер жауап беруші өзі «Біз», ал тергеушіге «олар» деген көз қараспен қараса, онда бұл жағдай психологиялық ұласуға кедергі болады, сенімсіздік туады.

Қорытынды мақсатқа жетуге кедергі болады. Тергеушіге «бөтен» деген мағына қалыптаспау керек, өйткені ол бөтен адамға жан дүниесін, сырын білетін мәліметін айтпайды. Әсіресе мұндай жағдай айыпталушыны тергеу кезінде қиналтады. Әрине, қамаудағы адам тергеушінің алдына келгенде өзінің жағдайына байланысты айналасындағы адамдарды «Біз» және «Олар» деп бөледі. Қиын жағдайда, тергеушіге айыпталушының өміріндегі істеген барлық элеуметтік ролдерді білу керек.

Мысалы: Зорлау ісі жөнінде күдіктенуші бес адам қамауға алынып, КПЗ-ға отырғызылды. Оның төртеуі алдында сотталған. Бесінші адам жақын араға дейін, жақсы адам болған екен. Таныс адамдардың айтуы бойынша, соңғы апталарда оның мінезінде кері жағымсыз қылықтар пайда болды, ол арақ іше бастады, үйіне кеш келетін болды, оны жаман топтың ішінде көретін болды. Бұл баланың соңғы жылдары тек бір мақсаты болатын.

Ол спортпен шұғылданатын, жеңіл атлетикадан бірінші разряді бар, жақында болатын жарысқа іскер спортсмен атағын алуға үміттеніп жүрген. Осы кезде ол кездейсоқ кездескен сыныптас жолдастарымен бірге қарақшылық және зорлау қылмысын жасайды.

Ұсталғаннан бастап, алдыңғы сағаттарда жігіт ешкіммен сөйлеспей, сұраққа жауап бермей отырды. Тергеуге дайындалу барысында, зерттей отырып тергеуші адамның ымыраға келуі қиын екенін анықтады. Тек қана

психологиялық байланыс арқылы бұл жігіттен толық мәлімет алу мүмкін еді. Өйткені, ол бұрын спортсмен болған, қазір зорлау ісі жөнінде айыпталушы.

Бірінші сұрақ-жауапта-ақ айыпкер бір шешімге келу керек еді, бөтелкелес достарымен бірге болып, қылмыс жасап, артынан тергеу камерасына отыру немесе абыройлы топтағы адамдардың қатарына қосылу.

Тергеудің басында айыпталушы сөйлемей, қабағын шытып отырды. Басын төмен салбыратып, тергеушіге қарамауға тырысты. Кенеттен тергеушінің жағасындағы спорт шеберінің значогін көріп, түрі өзгере бастады. Спорттың қай түрімен шұғылданғанын, спорт командалары туралы және спорт жайлы әңгіме басталып, екеуінің арасында психологиялық байланыс пайда болды.

«Біз- спортсмендерміз» деген ұғымда тоқталып, біраз уақыттан кейін оқиганың бәрін толығымен сипаттап берді.

Осындай тақырыптағы бірнеше мысалдарды қарастырып керейік.

Мысалы: Айыпталушыны зерттей отырып, тергеуші оның радиотехникаға әуесқой екендігін анықтады. Ол өзі де радиотехникаға құмар болғандықтан, әңгіме арасында осы тақырыпты қолданып, толық психологиялық байланысқа жете отырып, барлық керекті тақырыптарды біліп алды.

Басқа істе айыпталушы жауап беруге қарсы бола келе, артынан тергеушімен бірге Ұлы Отан соғысы кезінде бір майданда соғысқанын білгеннен кейін гана сөйлей бастады.

Бір куәгер – көп балалы ана – уақытының жоқтығын айтып сотта жауап беруден бас тартты. Тергеушінің, өзі

шықты көп балалы ана екендігін естіп, жақсы психологиялық байланысқа шықты.

Психологиялық байланысқа жетудің тәсілі өте көп, бірақ оның бәрі келесі заңдықтарға бағынады: жауап берушіні тергтей отырып, тергеуші оның жақсы жақтарына көңіл бөліп, өмірдегі әлеуметтік жақсы позициясын еске ала отырып, жақсы қасиеттерін білуі керек. Айыпталушының жақсы білген жағдайда да оның жаман жақтарын, психологиялық байланыс үшін қолдануға болмайды.

Тергеу барысында «Біз» деген пікір пайда болса, ол оның алдында хабардар, ұқыпты, сергек адам отырғанын сезінеді.

Айыпталушының істеген қылмысы көз қарасына, себебіне байланысты. Ол соған жүктеліп жауапкершіліктен қашады. Айыптаушыларға қарағанда криминалистер тергеудің барысын екіге бөледі: Даусыз және дау-жанжал. Даусыз тергеудің ерекшелігі, ол дұрыс, шын мәлімет беру. Даусыз тергеудің де өзінің қиындықтары бар. Өзінің кінәсін азайту үшін айыпталушының қателесуі, ұмытып қалуы, өтірік айтуы мүмкін.

Кейде айыпталушы өтірік мәлімет беріп, тергеуді шатастыруға, созуға тырысады. Сөйтіп, қылмыстық іс ашылмай қалады. Ондай жағдай кем де кем кездеседі. Айыпталушымен тығыз байланыста ғана тергеуші қылмыстық іс жайлы толық мәлімет ала алады. Қазіргі тергеушілер тергеу жүргізу барысында адамзатқа тән көптеген түрлі білімдердің бәрін қолдануға тырысады. Ол оған мәлімет жинауға көмектеседі.

Психология, логика, паралингвистика, қылмыстық процесс және тактика – бұл ғылымдар тергеушіге неғұрлым

көптеген мәлімет жинауға және қылмыстық істі ашуға көмектеседі.

Тергеушілердің еңбектік дамуының ең маңыздысы-ол: тергеуге диалогты енгізу, жоғары мәдениетте істі жүргізу және оған мүмкіндік бере отырып, оқу процессіне күрделі оқыту әдісін енгізу.

Психологты консультант, маман және эксперт ретінде пайдалану

Психологиялық білімді қолдану, қылмыс жасаған тұлғалардың қылмыстарын шешуге жәрдемін тигізеді.

Тәртіп қорғау органдары үшін соттық-психологиялық білімді, әртүрлі органдағы қызметтерде қолданады, ең алдымен сот шешімін шығаратын жұмысшылар, олар адамдарға жеке тактикасын күресу үшін тәжірибелік шешімдерін шешу негізінде қолданылады. Бірақ, бүгінгі күнде сот шешімін шығаратын тұлғалардың өздері де психологиялық ғылымның әдістерін бүгінгі күнде кеңінен қолдана бермейді.

Алдын-ала тексеріс нәтижесінде психологты пайдалану келесі формада жүргізіледі:

- іс бойынша консультант
- маман
- эксперт.

Құқық қорғау жүйесіндегі жұмысшылардың психологиялық білімімен жоғары мамандығы, көбінесе қылмыстық істегі соттарда қарастырылатын жұмыстарда да психологты пайдаланады.

Тәжірибелік жұмыстарда қылмыстарды ашуға эксперт, маман-консультант көмегімен көптеген қылмыстар ашылып жатыр.

Көптеген жағдайларда (адамды өлтіру жолдарын ашу, ұйымдасқан қылмыстық топты анықтауда т.б.) ондай көмек ең алғашқы фактор болып табылады. Атап өтерлік жайы, қылмысты ашатын маманның жоғары маманданғандығы, оның психологпен іс-әрекет атқаруда жетістікке жеткізеді.

Психологты консультант ретінде пайдалану процессуальды емес сипатқа әкеледі. Мұндай әріптестіктің түрі аныққама сипатына, не болмаса ақпараттарды алу үшін бекітіледі.

Консультацияны нақты қылмыстық іс үшін қолданады, мысалы: психолог, көбінесе қылмыскерді қылмысты ашуға бейімдейді, әрі психологиялық контактіні жүргізеді. Психологпен әріптестікте ең алдымен топтық және ұйымдасқан қылмысты ашуға жәрдемдеседі.

Қылмыстық топта психолог олардың қылмысын ашу үшін, соның ішінде ең алдымен оның лидерін табуға және оларды кім ұйымдастырғанын білуге ат салысады.

Тәжірибелі психолог әрдайым жеке қызметті іске асыру үшін тиімді жұмыстар атқарып, алдын-ала ақпараттар беріп отыруы тиіс. Қазіргі уақытта прокурорлық-зерттеуші жұмысшылар және қылмысты-зерттеуші жұмысшылардың өздері де қылмысты ашуға психодиагностика мен әртүрлі көмектерді пайдаланады.

Маман ретінде психологтың ролі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 133 бабына ұсынылады. Мұндай жағдайда психолог қылмыс болған жерге келіп сұрақ қойып, тексеріп қарап шығады. Маманның нәтижелі қызметі хаттама жүзінде бекітіліп, іске қолданылады.

Қазіргі таңдағы заңда кәмелетке толмаған жастардың қылмысын ашу үшін педагог мамандардың қатысуын қарастырып жатыр. Мұндай функцияны жас балалардың психологына да беруге болады. Мұнда психолог қылмысты апатын қызметкерлердің сұрақтарын балаға мәнерлеп түсіндіруге жәрдемдеседі.

Психолог балалармен қалай сөйлесу қажет тактикасын үйретеді. Мұндай жұмыстарға араласа отырып, сұрақ жүргізу тактикасын, балаға жеткізе білу мүмкіндігін, ұялшақтығын ашуға жәрдемін тигізеді.

Соттық психологиялық сараптаманың (қылмыстың) мәні және мақсаты. Барлық сараптама сияқты соттық-психологиялық сараптама қылмыстық істі ашуға психологиялық білімді пайдаланады.

Соттық-психологиялық сараптама адамдардың нақты процесін, жағдайын, механизмін анықтайды.

Соттық психологиялық сараптаманың объектісі денсаулығы дұрыс адамдардың психологиялық қызметін іске асыру болып табылады.

Зерттеу сараптама орталығына: куә, куәгер, қылмыскер, күмәнді тұлғалар жатады.

Соттық-сараптамаға жататындар:

- кәмелетке толмаған және айыпталушылардың нені қолданғаны;
- шағымда байқалған белгілері;
- психикасы дамымай қалған жасөспірімдердің және олардың өздерінің жасаған істеріне толық мойындай алмағаны байқалып және қандай жағдайда қолдануын меңгеру екендігі.

III БӨЛІМ. СОТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ (қылмыстық істерді қарау барысында)

Сотта іс жүргізудің жалпы психологиялық мінездемесі

Психология қылмыстық істерді сотта қарау барысында істі қарастыруға қатысты барлық тұлғалардың психикалық кейпіне қатысты заңдылығын қарастырады, сондай-ақ сот процесінде және сотталғандарға және басқа тұлғаларға жаза тағайындау кезінде тәрбиелеу шараларына байланысты сот процесіне ықпал ететін қоғамның пікірі.

Осы бөліммен мынандай ғылымдар байланысты: қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, әлеуметтік психология, сот этикасы.

Сот процесінің психологиялық сараптамасы әділеттікті жүзеге асыруға бағытталған, сот процесінің мәдениетіне, оған қатысушылардың барлығына тәрбиелік мәнде ықпал ететін мінездеме ұсынады. Іс бойынша сот тергеуі және жаза тағайындау қылмыс оқиғасы және алдын-ала тергеумен жалғасатын бірден бір шара болып табылады. Сот пен процеске қатысушылардың қызметі әр алуан болып келеді.

Әділеттік басқа қызметтерге қарағанда адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа көбірек ықпал етеді және әлеуметтік-психологиялық құбылыстармен байланысты. Мысалы, әлеуметтік топтардың қызметіне әсер етеді, топтағы баға беру пікірлерінің, адамдардың бір-біріне қабылдау және түсінуімен, беделдігімен, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық рөлімен және т.б. анықталады. Солай бола тұра, сот іс қызметінде әлеуметтік психологияның заңдылығы оның қызметінің нәтижесін жақсартады, әрі төмендетеді.

Әділеттікті жүзеге асыру барысында ұжымдық бастама әлеуметтік психологияның заңдылығын қамтамасыз етеді. Осы заңдылықтарға сәйкес қиын істердің шешілуі адамдардың арасындағы қарым-қатынастың шешуі болып табылады. Дәлелдеудің ұжымдық бағасы жоғары объективті болады.

Сот тәжірибесінде сот отырысының келіспеушілігі сирек кездеседі. Сот құрамының бір ауыздан үкім шығаруы заңдылықтың кепілі ретінде қарастыруға болады, өйткені сот отырысының мүшелерінің пікірі сәйкес келеді. Ең алдымен сот мүшелері қылмыстық істі шешу кезінде ұжымдық пікір қалыптастыра білу керек. Олар өздерінің іске қатысты нәтижелерін өздерінің көптің тәлкегінде кетпейтіндей етіп іштей саралауы керек. Бұл психологиялық жағдайдан объективтік жағдай арқылы өту жолдары арқылы анықталады.

Сот құрамы негізгі түрде жүргізіледі. Бұл соттың сот отырысына қатысушылардың арасында ерекше орында болады. Істі қарау барысында соттан іске қатысты көп ақпарат келеді, яғни әлеуметтік-психологияның бастамасына сәйкес соттың судьясы –іске қатысушы адамдар арасында лидер ретінде көрініс табады.

Осындай жағдайларға байланысты сот қатысушыларының пікірі ұжымның, басқарушының қысымымен түр түсі өзгеріп кетеді.

Соттың қайта құру немесе қайта жасау қызметінің келесі сәттері маңызды: алдын-ала қарау және іс бойынша барлық жағдайға баға беру, сот процесінде алынған ақпарат пен деректердегі айғақтарды алдын-ала тергеу кезінде заңдылық нормаларында салыстыру, үкім шығару кезіндегі барлық ақпаратты синтездеу арқылы аяқтау.

Іс бойынша барлық жиналған дәлелдемелерді анализдеу негізінде оның ең басты критеріі шындық болып табылады. Сонымен қатар, дәлелдеу көбінесе жеке тұлғаның мінездемесі болады – куәнің, жәбірленушінің, сотталушының және құқықтық, яғни қылмыстық іске басқа да қатысушылардың айғақтары, сонымен қатар соттың, прокурордың, адвокаттардың сот отырысындағы қызметін бөлуге болмайды.

А.Ф.Конидің айтуынша: «Іске қатысты барлық жағдайлардың ең маңыздысы – сотталушының оның жақсы және жаман жақтарымен бірге оның өз басы. Қандай орган болса да сот, прокурор немесе адвокат болсын, сонымен

қатар заң қызметкері үшін бұл қасиеттерді ашу негізінде ең басты қызметі болып табылады».

«Біз әрқашанда айыпкер немесе сотталушының ешқашан тың кейінге болмайтындығын ұмытпауымыз керек. Өктемді дауыс соттаушыны қорқытып немесе толқындырып жіберуі мүмкін»-деді А.Ф.Кони. Яғни, бұл бірінші ретте прокуратура қызметкерлеріне қатысты.

Сотталушының мінездемесі жан-жақты, объективті және этика нормаларына сай болуы керек.

Сотталушымен жеке әңгіме кезінде оның жеке тұлғалық мінездемесіне қатысты өрескел қылықтарды қолдануға болмайды. Қорғаушы айыпталушымен оның жеке басына қатысты, мысалы ерлі-зайыптылық қарым-қатынас туралы және басқа да жағдайлар туралы әдеппен сөйлесуі керек.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынастың идеясы – некесіз тұруда. Егер қылмыстық процесс кезінде қорғаушы немесе айыптаушы ретінде қатысқан адам осындай көлеңсіз мәселені қозғаса төраға, оны дін мен заңды сыйламағаны үшін қылмыстық сот іс жүргізудің жорғысына сәйкес сотты тоқтатып тастар еді. Бірақ нағыз іскер заңгер, бұл мәселеге тыңдаушыларды асықпай дайындап алып, шеберлікпен кіріседі. Жалпы мұндай неке салт-дәстүрде өз маңызын жоғалтады.

Андреевский талабына сәйкес бұл идеал шіркеудегі некелесуге қарамастан жұбайы тарапынан әйелге деген таза махаббат сезімі болуы керек.

А.Ф.Кони үлкен ренішпен былай деп жазады: «Кейбір жағдайда қылмыскерді қорғау -қылмысты ақтауға айналып кететіні қатты алаңдатады, себебі айыпталушы мен айыптаушының орны ауысып кетеді».

Петр Сергеевич Пороховщиков мына төмендегі мысалды келтіреді:

«Азаматша Макарованы алдын ала сөз байласуы арқылы денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін заңның 1477 бабымен жазаға тартты. Ол өз қызының күйеуінің ашығасының үстіне кислота құйып жібергені үшін жауапқа тартылды. Сонда айыптаушы, яғни прокурор өз сөзін былай бастаған: «Макарова мен Пруденскаяның қарым-

қатынасының аяғы немен аяқталғаны бізге түсінікті, Пруденская көзден айырылды. Ал қорғаушы да айыптаушыдан қалыспай «бұл іс жалған, ертегі сияқты» деп шықты.

Бұл жөнінде әрбір есі дұрыс адам былай деп айтар еді: «Жарақатталған әйелді елдің көзінше «мас» деп қаралауға оларға кім құқық берді?».

А.Ф.Кони Станислав пен Эмиль Ямсемдердің ісі жөнінде айыптаушы ретінде сөйлеген сөзінде өте мәдениетті түрде болған жағдайды, кінәлі адамдардың қарым-қатынасы туралы сөйлеген.

Ф.Н.Плевако «куә» деген этиканы сақтауы жөнінде былай деген: «Ақиқатқа жету үшін сот үстінде барлық шындықты жариялы түрде айтылу қажет, бірақ біз куә болған адам арына, намысына тиісуге құқымыз жоқ. Себебі, олар өздерін әр түрлі айыптаудан қорғау үшін емес, куә болу ретінде сотқа шақырылған.

Біз айыпталушыдан басқаларды тексерілмеген фактілер дұрыс емес қорытындылар бойынша кінәлаудан аулақ болуымыз керек.

Куәға, куәгерге деген дұрыс көзқарас олардың берген жауаптарына деген сын көзқараспен қарауына сәйкес жүргізіледі. Куә мен куәгердің жауабы айыптаушымен қорғаушының алдын-ала дайындаған сөзіне сай болмаған жағдайда да, куәгер мен куәға деген көзқарас өзгермеу керек.

Дәрекілік, ар-намысқа тиетін іс-әрекеттерге жол берілмеуі керек.

XIX ғасырдың аяғында кейбір шетелдік заңгер-ғалымдар эксперименттік тәжірибелерге сүйене отырып, алдын-ала тергеудегі куәнің жауаптары сенімсіз, дәлелді емес екендігін дәлелдеген.

Неміс ғалымы Вильям Штерннің «Куәгерлік жауаптар психологиясы» тақырыбында Берлин психологтары қоғамында оқыған баяндамасы Ресейдің заңгерлер қоғамында үлкен пікір-сайыс туғызды.

Осы зерттеулердің ішінде О.Гольдовскийдің «куә жауаптар психологиясы» және А.Ф.Конидің «Соттағы куәгерлік жауаптары» атты жұмыстары өте нақты болды.

Куә болған адамның көрсететін мінез-құлықтарына және сол арқылы оған тергеуші, айыптаушы және қорғаушының көзқарасына тоқтайық.

Біріншіден – куә болған адамның темпераменті. Нақты келгенде, сотта жауап бергенде адам қатты толқиды, әбіржиді, соның салдарынан болған фактілер өзгертіліп, осыра айтылуы мүмкін. Сондықтан сол адамнан сұрақ-жауап алған кезде заң қызметкерлері төзімді болуы керек, эмоция арқылы және мимикасымен өзінің келісу-келіспеуін білдіруге болмайды, себебі кейбір адамдар қалыптасқан жағдайға байланысты жауаптарын өзгертіп отырады.

Мысалы, Меланхоликтер оқиғаны үлкейтіп көрсетеді, олармен тіл табысуды жеке өміріне тереңірек үңілу арқылы жүзеге асыруға болады. Холериктер болса ашуланып, олармен сот залында жан-жал болмау үшін өте зерек болу керек. Флегматик – жан-жақты баяндайтын куәгер, бірақ ол куәгерлік міндеттен бас тартуға тырысады.

Екіншіден – куәгердің жынысын да ескеру қажет. Еркектерде көру, есту, иіс ажырату қабілеттері аса дамыған болса, әйелдерде дәм сезу дамыған. Ер азаматтар үшін уақыт 35% ұзағырақ көрінсе, әйелдерге 111%.

Үшіншіден, куәгердің жасы. Қарттар жас кезінде болған оқиғаларды есте жақсы сақтаған, ал соңғы жылғы оқиғаларды тез ұмытады.

Төртіншіден – дене кемістіктері. Соқырлардың есту қабілеті ерекше. Осы куәгерлердің дене кемістіктеріне ерекше назар аудару адамгершілікке жатпайды. Оларға алаңшты көзқарастан гөрі сый-құрметпен қарау артық.

Жалпы жәбірленушілер болған жағдайды үлкейтіп көрсетеді. Куә болған жасөспірімдердің жауаптарына ерекше назар аудару керек. Себебі, олар өздеріне сын көзбен қарай алмайды. Жалған айғақтар беру көптеп кездеседі –яғни, бұл әшкереленбеген өтірік, оның қайнар көзі басқа адам болып табылады.

Куәгерді тергеу - өте маңызды және процессуалды әрекет ету болып табылады және оған ат үсті қарау әсіресе қорғаушы тарапынан қатысушылардың мүддесіне нұқсан келтіреді.

Прокурор алдына қойған талапты өзі білмесе орындай алмайды. Айыптаушының талабы заңға қайшы болса, халықтың алдында беделі болмайды. Қандай болмасын мекемеде, әсіресе, заңды қорғайтын орындарда және мемлекеттік тәртіпті қорғайтын орындарда заңсыз тірлік болмайды. Шектен шықпау * талабы сот процесінде прокурордың жұмысы ғана емес, басқа да сот процесіне қатысты мүлікке тиісті. Оның басты бөлімінде басты мәселе жан-жақты сотта дәлелденуде.

Прокурордың басты міндеті сотталушыдан, қорғаушыдан, жәбірленушіден қосымша дәлелдеме жасап алу. Қылмыстық сот кезінде шектеу сезімі- істі дәлелдеу кезінде, прокурор мен адвокаттың, әсіресе айыпталушыдан сұрақ, жәбірленушіден сөз алған кезде қарама-қайшылықтар жиі кездеседі. Айыпталушыға қандай жағдайда болмасын сұрақ қойылған сәтте ешқандай мінез көрсетуге болмайды.

Қылмыстық істер жөніндегі сот ісінде жиі кездесетін мәселелер: тәртіпке қарама-қайшылық және шын мәнінде дұрыс өтуі істің сотталушыға қарама-қайшылық кезінде шыдауға тура келуі. Осындай кезде маңызды мәселе: бірінші жағынан сот процесінде тәртіп сақтау, ал екінші жағынан сұрақ қояр алдында этикалық тәртіп, әрі намысқа тимеу.

Мемлекеттік айыптау жұмысында, көрсетілген мәселелер: прокурор сұраққа жауап алған кезде, өте салмақты болуы, жауап берушіні жәбірлемеуі, қорламауы, қорқытпауы қажет. Ең бастысы сұрақты дұрыс қоя білу. Прокурордың тексеруі істің шешіміне тиісті ме, ол істі дұрыс жолмен жүргізіп отырма, әлде қандай жолмен болсын айыпталушыны кінәлауға тырысама. Ең маңызды қаралатын нәрсе жүргізіліп жатқан іске қатысты прокурорға, қорғаушыға, куәгерге деген дұрыс қарым-қатынас болуы керек.

Прокурордың айыпталушымен жүргізілетін жұмысына қойылатын талаптар қатаң түрде заң жүзінен шығып кетпей,

оны жазалағанда барлығы заң шеңберінде болуы керек. Прокурор өзінің көздеген мәселесіне жету үшін тәртіпке шақыру жолымен және болған қылмыстық істің шын мәніндегісімен сәйкес болуы қажет. Прокурордың үстемдігі болған іске сәйкес болуы керек.

Қандай жағдайда болмасын айыптаушыны тыңдаушылар тыңдай алады. Істің шешілмеуі, яғни дәлелсіз әрі қиын болған жағдайда, прокурор біріншіден айыпталушыға, екіншіден тыңдаушыларға күлкі болады. Мұндай жағдайларда тыңдаушылар да оны түсінбейді. Сондықтан, әр істің басын дұрыс бастау керек.

Прокурордың айыптау ісінде кездесетін бірден-бір мәселе оның, яғни айыпталушының мінездемесі. Мінездеме – ең қажет нәрсе. Айыпталушыны жазалау үшін ең бірінші, оны адам екенін ұмытпау қажет, ал екінші жағынан ол кінәлі ме, сол қылмысты істеуге баратын адам ба, қылмыс жасамаған шығар, міне осының бәрін дәлелдеу үшін ең бірінші оның жеке өмірімен танысу қажет. Мінездемеден айыпталушының шын мәнінде қандай адам екенін білуге болады. Ең басты көрсететін жағдайы оның қылмысқа қызығушылығының бары не жоғы, жоқ әлде кездейсоқ ұрынған ба соны анықтау керек. Бірақ қылмысты дәлелдеу үшін, айыпталушының бүкіл өмірбаянын анықтап, іске қатысы жоқ жерін теруге, жазуға болмайды.

Іс жүргізу кезінде тінтуге қатаң тыйым салынады, тергеуші прокурордан айыпталушының жеке өміріне қол салуына болмайтынын талап етеді.

Прокурор сот ісі кезінде сұрақты сақ болып қою керек. Айыпталушы мойындауға немесе мойындамауға құқығы бар, өзін кінәлі емеспін деуге, кінәлі болса, өз еркімен мойындап, қылмысына өкінсе-ол адамның кінәсін жеңілдетуге жеңілдік бар. Бұл жерде кінәні мойындамау, айыптаушыға қарсы шығу- бұл істі жеңілдетпейді, ол заңда көрсетілмеген.

Басқа жағдайда айыпталушы дәлелденген істі жоққа шығарса, ал куә болған адам басқаша жауап берсе, яғни кінәсіз деп жауап берсе, мұндай жағдайда заңға қайшы келді деп айыптаушыны кінәлейды. Айыпталушыға мінездеме берер алдында прокурор, өзіне-өзі берік болуы керек.

Қылмыскерді айыптау кезінде, оның істеген қылмысына қарай, оған дөрекі, жәбірлеу сөзін айтпау керек. Қандай жағдайда болмасын айыпталушыға намысына тиетін сөз айтпау қажет.

Сот кезінде Мемлекеттің жауапкершілігі мен адамдар тағдыры шешіледі. Жұмыс бабымен қару ұстайтын прокурорлар аз емес. Бұл бірақ тәртіптілікті, сақтықты талап етеді. Жұмысқа қабілетің жоқ болса, бұл жұмыспен айналыспауыңды сұрайды. Прокурор айыпталушыны айыптағанда салмақты, беделін түсірмей, өз міндетін таза, әрі шын, терең оймен жүргізуі қажет. Өйткені, әлі дәлелденбеген айыпталушыны алдын-ала жәбірлеп, оның адамгершілік қасиетіне тиіспей, өте білгірлікпен істі жүргізу керек, себебі сол айыпталушының кінәсіз болып шығуы да ғажап емес. Бұл қойылған талаптың барлығы заңгерлерге тиісті. Айыпталушының бойынан кек, жәбірлену процестері байқалмауы керек.

Прокурор мен жәбірленушінің қарым-қатынасы сот ісінде қандай болуы керек?

Айыпталушыны жазалағанда прокурор міндетті түрде жәбірленушінің сөзін заң түрінде қолдайды. Прокурор жәбірленушінің тәртібі дұрыс болмаған жағдайда, осының кесірінен заңсыздық болған жағдайда, және ол жеңіл жүрісті адам болса, онда амалсыздан онымен заңдасуға тура келеді. Жәбірленуші мен айыпталушының мінездемелері бірдей қаралады.

Тергеу ісінің алдына, алдын-ала барлық мәліметтер келіп түседі. Осы аралықта тергеуші мәліметтерді талдап, керек емес мәліметтерді алып тастайды. Сотта барлық түскен мәлімет түгелдей қарастырылады. Барлық қылмыстық мәліметтер, айыпталушының жеке басының қылмыстық мәліметтері алдын-ала келіп түседі. Соттың өзі шешетін мәселелері ол – айыпталушыдан және қорғаушыдан қай кезде сұраққа жауап алу керек. Қай кезде үзіліс жариялау керек.

Сот процесінде ең маңызды нәрсе – ол: айыптаушы мен айыпталушының арасында ешқандай айырмашылық, не болмаса келіспеушілік болмау керек. Екеуінің арасындағы

түсіністік соттың үкім шығаруына көмек береді. Қорғаушы заңның барлық түрін қолданып, барынша сотталушыны қорғауға немесе оның жазасын жеңілдетуге тырысатынын мемлекеттік айыптаушы түсінуі керек. Егер мемлекеттік айыптаушы қорғаушыға қарсы пікір білдірсе, онда ол өз сөзін түбірімен дәлелдеуі керек. Сот жүріп жатқанда мемлекеттік айыптаушының сот процесіндегі сотқа қатысушы бірнеше адаммен тілдесуіне тура келеді.

Олар: айынталушы, жәбірленуші немесе қорғаушы болуы мүмкін. Бұл тілдесудің жақсы нәтижесі болса, онда араларындағы психологиялық қатынас жақсы болар еді.

Жас мамандардың айтуынша, сот процесіндегі ең қиыны мемлекеттік айыптаушының төзімді отыруын қадағалау. Бір жағынан заңның қатал тәртібіне шыдау шын мәнінде қиын. Бұл қиындықтар мынандай жағдайларда, мысалы, адам өлтіру, топтасып зорлау, қатыгездік болған жағдайда болады. Екіншіден, сотталушы мойындамаған кезде сотқа қатысушылар қарсы шыққанда болады.

Мемлекеттік айыптаушыға міндетті нәрсе, ол тек қана айыптаумен ғана шектелмей, сот процесіндегі қатысушыларды тыңдай білу қажет. Сот процесінде қандай жолмен болсын сенің қарсыласың сені жеңуге тырысады. Мұндай жағдайда өтірік мәліметтен бас тарта алмайды. Мұндай амалдар қолданылған кезде таза этикалық мамандықты талап етеді.

Мысалы: Кәрі апай ескі 50 тиын тұратын шәйнек ұрлағаны үшін сот болды. Прокурор алдын-ала бәрін біле тұра, әсіресе, оны қорғайтын Ф.Н.Иванова болғанын біле тұра, әдейі қорғаушының айтатын сөзінің бәрін алдын-ала айтып, соттың рақымшылық жасайтынын біле тұра әдейі сотталушыны қорғау сөздерін айтады. Бірақ мұндай істерге рақымшылық жасай берсек, еліміз құрымай ма деп, сөз аяғында қосып қояды.

Қорғаушы сонда (Ф.Н.Иванова) тұрып: «Мыңдаған жылдар бойы Ресей елі қанша елге жақсылық жасап, рақымшылық жасап, қаншалықты қиыншылықты жеңіп, құрымаған, ал біздің еліміз осы 50 тиын тұратын шәйнекке

келгенде мүлдем құлдыраса, онда мен қойдым»- дейді. Осы сөзден кейін сот «кінәсіз»- деп үкім шығарады.

Қылмыстық істерді қараудың алдында, сотқа ең маңыздысы көз жеткізудің 5 түрін орындау болып табылады.

Олар:

- 1) Қылмыстық істің мәліметтерін сот тыңдаушыларына дейін талдау.
- 2) Сот ісін жүргізуді жоспарлау.
- 3) Тергелген мәліметтерді сот ісінде тексеру.
- 4) Соттың өзінің шығарған бағасымен айыпталушының және қорғаушының бағасын салыстыру.
- 5) Сот қорытынды шешімін кеңесу бөлмесіндегі қызметтестерінің талдауына салу.

Процесс ұйымдастырушы ретінде судья өзінің ұйымдастырылуы, мақсатқа бейімділігі, қайсарлығы, жинақылығы және тағы басқа жігерлік қасиеттерге қабілеті болу керек. Одан басқа, процесс ішін басқарып, басқарушы (төрағалық етуші) сирек кездесетін ұйымдастырушылық қасиетке ие болу керек. Сол қабілеттерін қылмыстық процессінде екі жақтың жарысының қиын жағдайында жүзеге асыру керек.

Қылмыстық істер қараудың жоғары сапасы сот процессін мәдениетті жүргізумен тікелей байланысты. Ең алдымен сыртқы жағдайларды қолайлы етіп жасау, яғни жақсы жабдықталған, лайықты түрде безендірілген және жоспарланған сот бөлмелердің жеткілікті болуы, қазіргі заман оргтехникасына сай болуы, сонымен қатар осының бәрін тәжірибелі секретариат қызметкері игере білуінде.

Сот процесінің мәдениеттілігі, ең біріншіден, судьялардың өздерінің жалпы және жеке дайындығы, мемлекеттік айыптаушының, қорғаушының және тағы басқа сотқа қатысушылардың дайындығымен байланысты.

Біз тергеудің жалпы психология заңдылығын қарастырдық («Диалог психологиясы (тергеу)» тарауын қара). Қазір біз сот мәжілісінде тергеуге тән ерекше заңдылыққа көңіл бөлеміз.

Бұл ерекшелік, біріншіден, сот тергеуінің өз процедурасымен анықталады. Сонымен, сотталушылардың

тергеуі сот ішінде келесі кезекте өтеді: судья (сот басқарушы) сотталушының жауабын (еркін әңгімесін) болмей, үзбей тындайды. Іс баяндау барысында сот сотталушыға сотқа аса қызық болып маңызды көрінетін және іске қатысты фактілерге мән аударудың қажеттілігін еске салып хабарлайды.

Сотталушыдан іс баяндауын аяқтап болған соң, жауап сұрайтындар: судьялар айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер мен жауапкер, олардың өкілдері, қорғаушылары. Одан кейін басқа сотталушылар және олардың қорғаушылары сотталушыдан жауап алуға құқылы. Содан кейін судья жауап сұрайды.

Жәбірленуші мен куәдан жауап алу процедурасы тура осындай болады. Тергеу алдында бұл кісілерге біле тұра жалған жауап бергені үшін жауапкершілігін еске салады және оларға іске байланысты шындықты айтуға міндетін жүктелуін түсіндіреді. Жауап алу алдында төрағалық етуші куә болған адамның сотталушымен және жәбірленушімен қатынасын анықтайды. Жалпы ереже бойынша куәлер жәбірленушінің алдында жауап береді.

Алдын-ала тергеуге қарағанда, сот алынған түсініктемелер мен жауаптарды белгісіз дәлелдермен салыстыруға мүмкіндігі жоқ. Әсіресе, бұл сотталушыға тиісті, өйткені оның қылмыстық істің мәліметтерімен сотқа дейін танысуға мүмкіндігі болған жоқ. Жауап алуды ең жақсы ұйымдастыру үшін сотта әр түрлі тәсілдер қолданылады. Ол тәсілдерге жататындар: тұжырымдап сұрақ қою ережесі, тұс-тұстан сұрақ берудің (перекрестный допрос) әдісі және т.б.

Сыртқы жағдай мағлұматына қоғамдық пікірін жатқызады, ол іс қаралу алдын-ала және судьяға белгілі ғана жағдайлар пайда болады. Кейбір жағдайда бұл төрешілерге және олардың іске асырған мағлұмат процесіне зиян келтіреді. Сондықтан істі соттың алдында қарастыру керек, қоғамдық пікірдің қалыптасуына мүлде абай болу керек, өйткені, көбінесе ол әділеттік мүддесіне зиян келтіру мүмкін.

Қоғамдық пікір сот процессінің жүргізу барысына және үкім шығаруына қатты әсер береді.

Баспа сөз (пресса) таң қаларлық оқиға қуып, бірнеше рет қылмыстық процесіне қоғамдық пікірін қате қалыптасуына мүмкіндік береді. Жалпы ереже бойынша ешкімде көпшілік алдында біреуді хабарландыру құралдары арқылы кінәлауға болмайды. Сонымен қатар, айыпталушы адамның кінәсі сот ретінде дәлелденбей жаста, онда оған ешкімде қатал жаза талап ете алмайды.

Қоғамдық пікірдің ықпалды нәтижесін тәрбие ретінде айыпкерге пайдалануға болады. Қоғамдық пікірдің күші-жеке адамға үнемі сезімді, ол қоғаммен шығарылған жеке кісінің адамгершілік және заңдық талапкер жиынтығын, ықпал сақтау қажеттілігі, дұрыс жүріс-тұрыс әрекетінің себебімен сезеді.

Соттың тәрбие жағынан ықпалы әлдеқашан оның әрекетінің ерекше формасына салынған: сот мәжілісінде істің барлық жағдайымен толық, ақиқат, әділ қаралуынан болады.

Соттың тәрбие жағынан ықпалының нәтижелілігі ең ақырғы нақтылық көрнекі үшін барлық қатынасшылардың фактілерді түйсіктенуден тұрады, әр бөлек алынған жағымды немесе жағымсыз фактілердің сезімге әсер етуіне қарамайды.

Үкім шығаруы үлкен тәрбие жағынан ықпал тигізеді. Ол үшін үкім әділетті болуы қажет, заң талабы мен шамалас жазасының ауыртпашылығы істеген қылмысына және сотталушының жекелігіне сәйкес болу керек. Сот мәжілісіне барлық қатысушыларға үкім анық, айқын, нақты, түсінікті болу керек.

Соттың тәрбие жағынан ықпалы үкім шығарылғаннан кейін де жалғастырылады.

Тәрбие ісі сотта үлкен нәтиже береді. Мұнда тәрбие іске жүреді де, сот формасын мүлдем өзгертеді. Бірақ тәрбиелік іс-сотталушыға, залдағы қатысушылардың көзінше, оған тағылатын айыбына сай келмейді. Бұл жерде тек педагогикалық және әңгіме жүргізу эксперименті ғана үлкен мағына береді.

Сотталушының мерзімінен бұрын босататын болса, бұл функция қайтадан сот алдына көшеді және онымен бірге сотталушының жаңа топтағы өмірін де бақылайды.

Бізге белгілі жағдайда, тергеуші, прокурор және сот басы қылмыстық істі алдын ала қозғаған кезде сотталушының бұл қылмысқа бару мақсатын білгеннен кейін істі қолға алып, бұдан былай олай болмаудың жолын көздейді.

Тәрбиенің сотталушыға оның мінезін бақылау кезінде де зор үлесі тиеді. Бұл жайында орыстың әйгілі юристі А.Ф.Кони былай деп жазған: «Сот кезінде такт болу керек. Өйткені сот тек қана сот жүргізу жері емес, ол жер және мектеп болып келеді».

Соттау кезінде соттаушыға сот басы нәтиже беретін істерді қолға алады.

Әрбір сот басы үлкен көлеміндегі топ адамдарға тәрбиеші болып келеді. Тәжірибелі сот басының өзгешелігі – оның өз ісіне жауаптылығынан, жұмысты шешкеніне байланысты білінеді. Әр кезде сот басының ісі сотқа қатысушылардың көзінше болады. Сол үшін ол әр кезде өзін ұстамды ұстайды. Сонысымен ол көзге көрінеді.

Тәжірибелі сот басының мынадай өзгешелігі болу керек: «адамдармен жақсы қарым-қатынас жүргізе білу және басқалардан сот кезінде ақпарат ала алу керек.

Прокурор өзіне қарама-қарсы позициядағы оппоненттерімен өткізетін күрделі диалог кезінде, осы диалогтың нәтижелі болуына көмектесетін және іс бойынша ақиқатты анықтауға бағытталған бірнеше факторларды қолдануға болады.

Психологиялық зерттеулер, адамдарды бір-бірімен ұқсас жеке бас қасиеттері: олардың жақсылық пен жамандыққа, байлыққа, адамгершілікке, білімге деген көзқарастары жақындастыратынын көрсеткен. Осы жақындасудың бір көрінісі бізді қызықтыратын адамның ішкі қыңжылысын түсінуге талпыну.

Психологтар бір адамның екінші адамды шын түсінуге ұмтылса, соңғы өзінің ішкі дүниесін, қыңжылысын оған ашатынын анықтаған. Ең жақсы мемлекеттік айыптаушылардың тәжірибесі бұл заңдылықты толығымен қуаттайды. Олардың сотталушының жеке басын, объективтік түрде терең зерттеуі, сотталушымен түсіністікке, осы

түсіністік-қызметтік қарым-қатынасқа алып келеді, осы қарым-қатынас негізінде ол өзінің қылмыстық әрекеттерге қатысы туралы объективті жауап береді.

Сот процесінің жалпы психологиялық мінездемесі

Сотта қылмыстық іс бойынша психологиялық түрде, олармен байланысты барлық тұлғалардың іс-әрекеттерімен, іске қатысушы адамдармен, соттық тәрбиелеу процесі, сотталған адаммен және басқа адамға үкім шығару, жалпы фактор ретінде көзқарастар рөлі, сонымен бірге сот процесіне қатысты қарастырылады. Бұл бөлімдермен қылмыстық заң, қылмыстық процесс, әлеуметтік психология, соттық этика тығыз байланыста болады. Соттық процесстің психологиялық анализі - мінездеме жасау үшін, жоғары сотқа жолдама беру үшін, мәдени процесі және барлық қатысушылардың максимальдық тәрбиелеу әсеріне мүмкіншілік береді.

Соттық іс жүргізу және іс бойынша үкім шығару логикалық стадия болып қарастырылады. Соттық іс-әрекет пен сот процесіне қатысушылар көпбейнелі болып келеді. Зандық сот, басқа іс-әрекеттерге қарағанда, адамдар арасында қарым-қатынас ретінде, бүкіл әлеуметтік-психологиялық байқау ретінде байланысты болып келеді. Мысалы, әлеуметтік топтық іс бойынша, адамдардың бір-бірімен тіл табысуы т.б.

Соттық тәжірибеде сот қызметкерлерінің арасында келіспеушілік өте аз кездеседі. Сот үкімінің бір ауыздан шешілуі заңдылықтың және үкімнің қосымша қорытындысы ретінде қарастыруға болады, себебі барлық сот қызметкерлерінің шешімдері бір-бірімен теңестіріледі. Бірақ осындай бірауыздылық әрдайым бола бермейді, өйткені жоғарғы соттың өзгертуі-көпшіліктің қарсылық білдіруінде болып табылады. Сот ұжымының арасында да өзіндік көзқарастар субъективтік және объективтік түрде де болуы мүмкін. Ең алдымен сот мүшелері қауіп-қатерді де ұмытпауы

керек, ондай жағдай көбінесе соттық үкім шығарған кезде кездеседі.

Олар өздерін іштей ұстау керек. Осындай жағдайдың сипаты, мысалы, Жоғарғы сот- сот қызметкерлерінен жоғарғы сатыда болғанымен, олардан әлеуметтік психологияға байланысты қаралған іс туралы көптеген жаңалықтар белгілі. Бұдан басқа да сот қызметкерлердің арасында әр түрлі әлеуметтік статус бар. Мысалы, Жоғарғы сот - кәсіби сот болып есептеледі де, ал қалған сот мүшелері - кәсіби емес сот болып саналады. Осы жағдайларға байланысты сот мүшелері көп жағдайда деформацияға ұшырайды.

Заңға сәйкес, төрағалық етуші судья іс қарастырылған кезде өз дауысын басқа сот мүшелерінен кейін ең соңында береді.

Конструктивтік соттың іс-әрекеті кезінде келесі жағдайлар өте маңызды: яғни, болған істің мән-жайын біліп-оқу, сол іске баға беру және жеке-жеке талдау, тергеу кезінде барлық жағдайларды ескеру, соңынан жиналған деректер бойынша үкім шығару. Ең бірінші іс жүргізілген кездегі деректер мен іс-қағаздар процесс кезінде көптеген көмегін тигізеді. Сол іске байланысты жиналған дәлелдемелердің қарама қайшылығы, бас критерийі - шындық, кінәлау сөзі немесе ақталу сөзі қарастырылып, соңында үкім шығарылады.

IV БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Азаматтық сот өндірісіндегі соттық- психологиялық сараптаманың кезеңдері, методтары және процедуралары

Әйгілі орыс юрисі Брусилловский А.Е. «Психология» деген ұғымды - бұл «стихия» деп, оны барлық жағынан көре білген. Алайда психологияны мінез-құлықтың құбылысы немесе ғылыми психология ретінде ажырату қажет, яғни бұл құбылыстың теориясы ретінде айыпталушы сотта өз әрекетінің мағынасын түсінбегенін және өз әрекетін басқара алмағанын айтты, өйткені ол қатты әсердің, яғни баласының қайтыс болуына байланысты болғандықтан. Сот бұл өтінішті тексеруі қажет. Алайда ол психолог – сарапшының қорытындысы бойынша оны дәлел ретінде қабылдауын немесе қабылдамауын бағалауы керек.

Ол үшін қазіргі таңда психологиялық диагностикаларды меңгеру, психологиялық жағдай жүйесіндегі жалпы бағдарлау, адамның қоршаған адамдармен күнділікті және қысым тудыратын жағдайлардың өзара әрекетіндегі заңдылықтар, мінез-құлық ерекшеліктерінің жекелігін түсіну. Азаматтық процессте дәлелдердің бірі ретінде сарапшы қорытындысы болып табылады. Азаматтық сот өндірісіндегі соттық-психологиялық сараптама құзыретіне мыналар жатады:

- Ерлі-зайыптылардың психологиялық үйлесімділігін, оқиғалық жанжалдарды жою мүмкіндіктерінің құрылуы.
- Балалардың екі ата-ананың, әр қайсысымен психологиялық үйлесімділігіннің құрылуы.
- Балаларды тәрбиелеу бойынша нақты адамдардың мүмкіндіктерінің құрылуы.

Зерттеу объектісінің қиындығы мен жан-жақтылығы психологиялық-соттықсараптама комиссиясы арқылы жүзеге асады. Олардың құрамы екі-үш маманнан тұрады. Сарапшы ретінде психолого-диагностикалық жұмыста практикалық тәжірибесі бар арнайы мамандығы бар психологтар алынады.

Комиссия құрамында сот-психологиясы ауданы бойынша мамандар қатысады. Ал жеткіншектік немесе кішкентай балаларға қатысты болса, экспертизада жас ерекшелік психологиясы бойынша маман қатысуы қажет, ал үлкендердегі экспертизада – геронтопсихологтың қатысуы қажет.

Психолого-психиатриялық экспертті комиссияның кешенді құрамына психиаторлар, патопсихологтар және сот психологтары кіреді. Ал психолого - медициналық экспертті комиссия құрамына сот және медициналық психология саласы бойынша мамандар кіреді.

Психоллингвистикалық эксперттік комиссия құрамына сот психологиясы бойынша, психоллингвистер, сөйлеу психологиясы бойынша мамандар кіреді. Комиссия құрамына жұмысы тәуелсіз адамдар кіруі тиіс.

Соттық сараптама келесі кезеңдерден тұрады:

- Құжат- материалдарды толық зерттеу;
- Зерттеу объектісімен танысу;
- Экспериментальды зерттеуді немесе ұзақ мерзімді бақылау жүргізу, психодиагностикалық тесттерді қолдану.
- Қорытынды құрау;
- Қорытындыны сотта жариялау;
- Сарапшының сұрақ қоюы.

Әдетте соттық-психологиялық сараптама амбулаторлы түрде өтеді. Мұндай жағдайда жұмыс бойыншасарапшылар зерттеуді нақтырақ жүргізуге болады. Стационарлық жағдайда кешенді психолого-психиаторлық сараптама жүргізіледі.


Сот психологиялық экспертизаны жүзеге асыра отырып, сарапшы-психолог психологиялық диагностикалардың процедуралары мен методтарының жүйесін қолданады. Соңғы қорытынды кезеңде тұлғаның психологиялық структурасына жалпы қорытынды жасалады.

Сарапшы-психолог құқықтық мәселелерді шешпейді. Сарапшы қорытындысын талап ететін мәселе шеңберін сот шешеді.

Судья сарапшыны зерттеулерге негізделетін және тұлғаның жекелік ершеліктерін зерттейтін психологиялық кешендер мен тәсілдерді білуі қажет.

(ТАТ) – тематикалық аперцептикалық тест, түрлі ойлауды зерттейтін методикалар. Кейбір жағдайларда психологотехникалық экспертизаның қажеттілігін туындайды.

Экспериментті зерттеуде экспериментальді методтардың ерекше ұқыптылығы қажет.



Сарапшы -психологтың қорытындысында алдын ала құрылған дәлелденген күш болмайды. Сот экспертті қорытындыны кейінге қалдыруға құқылы.

Соттық-психологиялық сараптаманың сапасы-сұрақтардың дұрыс құрылуына байланысты. Соттық-психологиялық сараптамада келесі сұрақтар болуы мүмкін: белгіленген адам сәйкес жағдайда физикалық аффект жағдайында болды ма? Егер ия болса, онда ол жағдай оның қабілетене қалай әсер етті, бұл жағдайда өзінің мінез-құлқын басқара алу, түсіну ?

Адам эмоционалды –қақтығыстық жағдайда болды ма және бұл оның өз әрекеттеріне баға беру, басқаруына әсер етті ме? Кәмелеттік жасқа толмағандар үшін психологиялық сипатты анықтау үшін, олардың психикалық дамуы мен ақыл-ойында патологиялық емес кемістік бар ма? Эмоционалды еріктік және интеллектуалді сфераларында ауытқулардың болуы сипатталады ма? Егер ия, болса онда бұл ерекшеліктер психиканың оның өз әрекеттері мен қабілеттерін басқаруға қалай әсер етті? Куәгерлер қатысқан жағдайда эксперт-психолог алдында мынандай сұрақтар қоюы мүмкін. Адам өзінің жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып нақты жағдайда маңызды нәрселерді дұрыс қабылдады ма?

Сарапшы-психолог нақты сұрақтарды құру үшін сотта жалпы негіздері болуы тиіс. Ол индивидтің психикалық ерекшеліктерінде біріншіден қарапайым бағдарға бейім болу қажет. Сотта негізделген сенбеушілік тууы мүмкін, яғни ол сәйкес субъектісінің азаматтық процесске адекватталог тепе-теңдігіне байланысты. Сот-психиатриялық экспертизаны емес, психологиялық тағайындауды талап ететін жағдайларды ажырату. Психикалық ауытқуларды психопатологиялық құбылыстармен араластыруға болмайды. Психиканың патологиялық өзгерістері жалпы деформациялық жекелікпен байланысты.

Сот өндірісіне азаматтық істерді әзірлеудің психологиялық аспектілері

Сот өндірісінің нәтижелілігі алдын ала дайындықтың мұқияттылығына және компоненттілігіне байланысты болып келеді. Сот отырысында оқиғаны зерттеу кезіндегі әрекет етуші модель ұсынылады.

Танылған мәселелі жағдай сот үшін талап арызбен танысу және оған ұсынылған деректерді қарау кезінде туындайды. Жауапкерге соттың қойған соңғы сұрағында зерттеліп отырған жағдайдың мүмкінділік моделі әрекет етеді. Бірақ, соттың мақсаты тек істің мәнін өзі үшін анықтау емес, сонымен қатар, сот өндірісінде әрекет етуші

фактілердің мүмкіндігін табу. Яғни, сот таныстыру – зерттеу есебін ғана шешпейді, алынған мәліметтердің куәландырылғандығын шешеді.

Сот сот өндірісі кезінде тараптардың мінез-құлқын зерттеуге мүмкіндік алады. Қандай жағдайда болса да, соттың білімі сот өндірісі кезінде кеңінен өріс алады. Істі процеске әзірлеу кезінің өзінде-ақ сот дәлелдемелердің күшін және анықтығын, сараптама тағайындаудың қажеттілігін, және істің шешімі үшін дәлелдердің жеткіліктілігін анықтайды. Бұлармен қатар, сот сот өндірісі үшін жаңа дәлелдердің пайда болуын есепке алады және алдын ала берілген деректердің жалғандығын да қадағалайды.

Сот өндірісіне істі дайындау кезінде сот мыналарды белгілеуі керек:

- 1) заңға бағынатын фактілердің түрлерін;
- 2) зерттеуге жататын дәлелдер қатарын;
- 3) процеске қатысушы тараптарды.

Процессуалдық әрекет етуші ретінде заң жауапкер мен талапкердің жауаптарын қарастыруға мүмкіндік береді. Жауаптар істің дұрыс шешілуі үшін тыңдалады. Соттың сұрақтарының базасы – бұл талап- арыз және оған ұсынылған деректер. Көптеген жағдайда талап арыздар толық емес және бір жақты болады. Сондықтан талапкерге сұрақ қоюдың бірінші этабы – талаптың фактілік базасын анықтау және талапкермен берілген талаптың әрекеттілігі. Сұрақ қою кезінде жауапкер толықтай немесе ішінара фактілерді мойындауы немесе одан бас тартуы мүмкін. Ал, қарсы талап арыз беру кезінде алғашқы талапкерлерге енді қарсы талап арыз бойынша жауапкер ретінде сұрақ қойылады.

Процестің алғашқы сұрақ-жауап қою кезінде сот мәлімделген деректердің жеткілікті немесе жеткіліксіздігі туралы мәселені және қажет мәліметтерді алудың мүмкіндігі туралы мәселені қарайды.

Психологиялық қарым-қатынас кезінде тараптардың сұрақ-жауаптары олардың қарым-қатынастарының ұйымымен және сотпен байланыстылығы.

Сұрақ-жауаптың қорытындысы «хаттама-анықтама» ретінде орналастырылады.

Сот отырысының ұйымдастырылуының психологиялық аспектісі

Сот процесінің мәдениеті дегеніміз – құқықтық білімнің дамуының факторы және құқық қорғау органдарына деген дәлелді қатынасты орнықтыру. Психологиялық қарым-қатынаста сот жариялылығы, сот отырысының әлеуметтік мәні әрекет еткен. Тарихи қалыптасқан процессуалдық әдет өзіне әлеуметтік психологиялық мәнді енгізеді.

Процестің барлық қатысушылары және сот отырысындағы барлық адамдар судья залға кірген кезде орындарынан тұрып, оның барлық ұйғарымдарымен келісетіндігін мәлімдейді және жауапты орнынан тұрып береді. Сот әдебін қатаң түрде сақтау залдағылардың психикасына іс-әрекет арқылы әсер етеді және сот өндірісіне материалдық-психологиялық әсер береді, тәртіптілік емес мүмкіндіктерін алдын ала ескертеді. Процессуалдық-әдептік болып заңды түсіндіру және азаматтық процеске қатысушылардың міндеттері табылады.

Судья сот өндірісіндегі барлық қатысушыларымен бірдей қарым-қатынаста болуға міндетті. Мысалы, адвокатқа басқаша, прокурор мен талапкерге басқаша көзқараста болуға жол бермейді.

Сот жарыс сөздерінде дерекілікке, мәдениетсіздікке жол берілмейді. Үзіліс кезінде судья процеске қатысушылардың ешқайсысымен араласуға болмайды, ал процесте-формальдық емес қарым-қатынасқа жол берілмейді. Тіптен сұрақ қойғандағы дауыс ырғағы да жауаптың мазмұнына әсер етеді. Судьяның тәжірибесіздігі куә болған адамның жауап беруден тосып қалуына алып келеді. Ашушаң, қызба адамдар сот мәжілісі кезінде шырмалушылық мінез көрсетеді. Бұл бірден мида сақтау қабілетін төмендетіп, жалған дәлел беруіне адып келуі мүмкін.

Тараптардың өзара қатынасы судьямен ұйымдастырылып, бақылауға алынады. Ол тараптардың

арасында өзара орын табатын, араңдатушылық және моральдық емес сұрақтардың қойылмауын бақылайды.

Процессуальдық тәртіпті өрескел бұзғаны үшін, сот өзінің жоғарғы өкілеттігі, яғни, сот залынан қуылуы туралы бұйрық береді.

Азаматтық процестегі жеке тұлғалар арасындағы психология

Азаматтық процестің ары қарай жылжуы және дамуының бағытшылығы, сот қорғауына жүгінуі азаматтық процестің негізгі принципін, яғни диспозитивтілік принципін құрайды.

Сот мәжілісінің басымырақ психологиялық бөлімі – тараптардың жарыссөздері. Қызығушылықтың қақтығысы мұнда қуаттылық шегін иеленеді. Әрбір тарап ерікті немесе еріксіз түрде сотты өз көзқарастарының ақиқаттылығымен баурап алғысы келеді. Жарыссөз кезінде әрбір тарап қайталап жауап беруге құқылы. Бірақ, сот бұл кезде олардың бір-біріне жәбірлеу, кемсіту сөздер айтуына шектеу қоюы керек.

Профессионалдық бақылаумен қатар сот тарапынан әлеуметтік бақылау да жүргізіледі. Тараптың белсенділігі олардың екінші тарапқа деген ара-қатынасынан көрінеді. Сот тараптарының әрекеттерін байланыстыруы керек, бірдей дәрежеде дәлелдемелердің ұсынуға мүмкіндік беруі керек.

Жарыссөз қағидасы соттың өзі үшін істі объективті түрде, жан жақты және толықтай қарауына мүмкіндік береді. Тараптардың белсенділігі сотпен бағытталады. Тараптар өз талаптарын негіздеу үшін фактілерді хабарлауға, қажетті дәлелдерді келтіруге тек құқылы емес, сонымен қатар міндетті болып табылады. Тараптардың дауларын қарау кезінде сот қажетті дәлелдемелердің қажеттілігін, даулы мен даулы емес дәлелдерді ажыратады. Тараптар куә болған адамнан жауап алу кезінде де процеске қатысуға құқылы. Олардың қатысуымен сарапшының қорытындысы да тыңдалады.

Жарыссөз принципі тараптардың өзара қатынасының мінез-құлқымен де байланысты.

Азаматтық іс жүргізудің психологиялық мәселелері

№1 тараптардың азаматтық іс жүргізудегі тұғырнамасы және олардың белсенділігі

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық реттеу оған қатысушылардың мінез-құлығын реттеумен өзара байланысты екені сөзсіз. Дауласқан жағдайларда адамдар өз мінез-құлықтарын әр түрлі жағдайлармен көрсетеді.

Дауласу субъектісі өзінің іс жүргізуде мәртебесін таңдауға еркіндігі бар, сот ісі жүргізу кезінде субъект қорғаушыдан бас тартуға, дауды тоқтатуға, реттеуге мүмкіндігі бар (талаптан бас тартуға, бейбітшілік келісімге келуге).

Тараптардың мінез-құлығы еркіндік нұсқау актісінде көрсетілген (талаптан бас тарту, талапты тану, бітімге келу). Дәлелдеу субъектісі белсенді және құлықсыз болуы да мүмкін. Оның құлықсыздығы құқықтық мүддесіне нұқсан келтіруі мүмкін. Соттың міндеті – дәлелдеу субъектісінің белсенділігін арттырып, онымен бірге дәлел көзі ретінде бірігіп әрекет жасау.

Тараптардың әлеуметтік маңызды мінез-құлығы азаматтық іс жүргізуде, талап қоюшы мен жауапкердің мінез-құлығы, олардың іс жүргізудегі мәртебесімен анықталады.

Талап қоюшы – ол - сотқа, төрелік және аралық сотқа өзінің құқығы бұзылғандығы, заңмен қорғалатын мүддесінің бұзылғандығы туралы талап қоюшы тұлға. Азаматтық іс жүргізуде талап қоюшы (азамат немесе заңды тұлға) құқық субъектісі, оның құқықтарын қорғау мақсатында азаматтық іс қозғалады.

Азаматтық іс сотта мүдделі адамның талап-арызы берілгеннен бастап қозғалады.

Азаматтық іс прокурордың мәлімдемесі, кейбір жағдайларда мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық ұйымдардың мәлімдемесі бойынша қозғалуы мүмкін.

Талап қоюшыға біршама құқықтар берілген – ол іс құжаттарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге, қарсылықтарын мәлімдеуге,

дәлелдемелер табыс етуге және дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, іске қатысушы басқа адамдарға сұрақтар қоюға, сотқа түсініктеме беруге, өз ойларын айтуға, сотшешімі мен анықтамасының ұйғарымына шағымдануға және заңда көзделген өзге де әрекеттер жасауға құқылы.

Талап қоюшы (сот бақылауымен) іс жүргізуде талабынан бас тартуға, оның негізімен пәнін өзгертуге, талап қоюдың көлемін ұлғайтуға немесе азайтуға құқылы. Негізсіз талап қойған және істің тез жүргізілуіне қарсы әрекеттер жасаған талапкерге соттың жауапкер⁸ пайдасына сыйақы салуға мүмкіндігі бар.

Өндірісті тоқтату немесе қарамау заңда көзделген жағдайларда жүзеге асады.

Талапкердің жауапкерге қоятын талаптары сипатынан қойылатын талап түрі анықталады: ол жауапкердің нақтылы әрекеттерге үкім шығаруға бағытталуы (мүлікті қайтару, зиянды өтеу, алимент төлеу, мүлікті пайдалануға кедергіні жою), құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату (жалпы меншікті бөлу, некені бұзу). Талап негізі – мүдделі тұлғалар арасындағы құқықтық қатынастарды тоқтату, өзгерту немесе пайда болуына материалдық заңды фактінің нақты болуы. Талаптың пәні даулы құқықтық қатынас.

Талап қоюдың нысаны талап арыз. Онда мынадай мәліметтер болуы керек: соттың мекен-жайы, тараптардың атауы мен мекен-жайы, талаптың негізі, айғақтар, талап мазмұны, талап бағасы, ұсынылған құжаттар тізімі болу керек. Талап көшірмесі жауапкерлер санына қарай беріледі.

Заң сотта бұзылған құқықты қорғаудың мерзімін белгілейді (азаматтардың талабы бойынша – үш жыл, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар үшін – бір жыл).

Жауапкер – азаматтық іс жүргізудің тараптарының бірі, оған талап қойылуына байланысты соттағы іске тартылады. Жауапкердің мәртебесі азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен, тұлғаның азаматтық құқықта көзделген міндеттемелерін орындамауы салдарынан, өзге тұлғаның субъектілік азаматтық құқықтарын бұзуымен байланысты.

Азаматтық жауапкершілік құқық бұзушыға заңмен көзделген, ол үшін экономикалық тиімді емес мүліктік сипаттағы шараларды - зиянды өтеу, тұрақсыздық төлемін төлеуді, мүліктік шығынды өтеуді қолдауы мүмкін. Азаматтық жауапкершілік тұлғаның міндеттерін орындамау немесе тиісті орындамауы негізінде кінәсі болса пайда болады.

Азаматтық жауапкерлік зиянды толық өтеу қағидасына негізделеді. Шаруашылық келісім – шарттарының тиісті тәртіп бойынша орындалуы заңдарда көзделген және мүліктік өсер етуші шаралармен қамтамасыз етіледі.

Келісім-шарт санкцияларының негізгі түрлері – келтірілген зияндарды өтеу, тұрақсыздық төлемін төлеу, оперативтік шаралар.

Құқық бұзушылыққа жауапкерліктің шарты кінә болып табылады. Жауапкершіліктен құтылу үшін құқық бұзушы өз кінәсінің жоқ екенін дәлелдеуі қажет.

Заң жоғары қауіптілігі бар залал үшін қатаң жауапкершілік жүктейді.

Жалпы заң психологиясы пәнінен қорытынды сұрақтар

1. Жалпы заң психологиясы дегеніміз не?
2. Заң психологиясының пәні және жүйесі
3. Заң психологиясының әдістемелік негіздері
4. Сот психологиясының әдісі неше топқа бөлінеді және қандай?
5. Жалпы заң психологиясының қандай әдістері бар?
6. Жеке адам психологиясы дегеніміз не?
7. Эмоция және ерік дегеніміз не?
8. Мінез және темперамент дегеніміз не, түрлері?
9. Этика-психологиялық анализдің экономика аясындағы арақатынасы?
10. Қысқаша соттық проффесиограмма дегеніміз не?
11. Жасырыл қалу және алаяқтық дегеніміз не?
12. Қылмыстық психология деп нені айтамыз?
13. Қылмыстықтың болуының қандай себептері бар?

14. Қылмыстық психология - тұлғалық қылмыскер психологиясы.
15. Қылмыстық психология – кімдерде, қандай адамдарда болуы мүмкін?
16. Қылмыстың болмауын алдын-алатын жолдары.
17. Жәбірленушінің психологиясының сипаттамасы
18. Жәбірленушінің зерттеу әдісін қанша категорияға бөлеміз?
19. Тергеу жүргізу барысындағы психологиялық сұрақ -жауап
20. Жауап алудың қандай сатылары бар?
21. Психологты консультант, маман және эксперт ретінде пайдалану
22. Прокурор мен жәбірленушінің қарым-қатынасы сот ісінде қандай болуы керек?
23. Сот процесінде ең маңызды нәрсе – ол не?
24. Азаматтық сот өндірісіндегі соттық- психологиялық сараптаманың кезендері, методтары және процедуралары дегеніміз не?
25. Азаматтық сот өндірісіндегі соттық-психологиялық экспертиза компетенциясына не жатады?
26. Психолого-психиатриялық экспертті комиссияның комплексті құрамына кімдер кіреді?
27. Соттық экспертиза қандай кезендерден тұрады?
28. Прокурордың басты міндеті не?
29. Ф.Н.Плевако куәгерге деген этиканы сақтауы жөнінде не деді?
30. Соттың психологиялық экспертизасы дегеніміз не және оған не жатады?
31. Алдын-ала тексеріс нәтижесінде психологты пайдалану қандай формада жүргізіледі?
32. Қылмыстық психологияның маңызды сұрақтарының бірі не?
33. Жәбірленуші деп қандай адамдарды айтамыз?
34. Эмоциялық әсерлерге не жатады?
35. Динамикалық облыс дегеніміз не?

Жалпы заң психологиясы пәнінен
тестік сұрақтар

1. Заң психологиясы қай ғылымның күрделі саласы?

- А) Психология
- Б) Социология
- В) Педагогика
- Г) Философия
- Д) Политология

2. Заң психологиясы неше бөлімнен тұрады?

- А) 5
- Б) 6
- В) 3
- Г) 4
- Д) 2

3. Этиканың негізгі категориясы – ол:

- А) Әділеттілік
- Б) Жауапкершілік
- В) Достық
- Г) Қарым-қатынас
- Д) Шыншылдық

4. Заңда көрсетілген құқықтарға кімдер жүгіледі?

- А) Заң қызметкерлері
- Б) Жұмысшылар
- В) Саудагерлер
- Г) Ата-аналар
- Д) Оқушылар

5. Сот этикасының негізін қалаушы ғалым?

- А) А.Ф.Кони
- Б) С.А.Андревский
- В) В.Н.Кудрявцев
- Г) Л.С.Выготский
- Д) П.С.Пороховщиков

6. Айыпкер мен айынталушының тағдыры кімнің қолында?

- А) Соттың
- Б) Куәгердің
- В) Жұмысшының
- Г) Қызметкердің
- Д) Достарының

7. Жәбірленушінің зерттеу әдісі неше категорияға бөлінеді?

- А) 2
- Б) 3
- В) 5
- Г) 7
- Д) 4

8. «Соттағы куәгерлік жауаптар» атты еңбектің авторы кім?

- А) А.Ф.Кони
- Б) О.Польдовский
- В) С.А.Андревский
- Г) В.Н.Кудрявцев
- Д) Л.С.Выготский

9. Сотталушыдан, қорғаушыдан, жәбірленушіден қосымша дәлелдеме алушы кім?

- А) Прокурор
- Б) Куәгер
- В) Жас маман
- Г) Жауапкер
- Д) Психолог

10. Заңда азаматтық іс қорғаудың неше түрі қарастырылған?

- А) 3
- Б) 5
- В) 4
- Г) 7
- Д) 2


11. Заң психологиясының негізгі бөлімі – ол:

- А) Құқық психологиясы
- Б) Спорт психологиясы
- В) Сауда психологиясы
- Г) Шығармашылық
- Д) Көркем-өнер психологиясы


12. Заң психологиясы үшін қандай әдіс белсенді мәселенің бірі болып саналады?

- А) Психоанализ әдісі
- Б) Байқау әдісі
- В) Көру әдісі
- Г) Зерттеу әдісі
- Д) Анкета әдісі


Заң психологиясының құрылымы




Жалпы заң психологиясының әдістері




Сот психологиясының әдістері




Сот психологиясының зерттеуде қолданылатын негізгі әдістері




Қылмыстық психологияның оқыту тәртібі




Жәбірленушінің зерттелуі



Соттық экспертизаның кезеңдері



Қылмыстың істерді қарауда соттың ең маңыздыға көз жеткізу түрлері



Заң психологиясының қысқаша сөздігі

Түрме – түзеу мекемесі, түрмеде ең қауіпті қылмыскерлер жазасын өтейді.

Редицидистер – мемлекеттік аса қауіпті қылмыс жасағандар. 5 жылдан жоғары мерзімге сотталғандар. Түрмеде екі режим ұсынылған – жалпы және қатаң.

Жалпы режимде – бірінші рет сотталғандар және қатаң режимнен ауыстырылғандар жазасын өтейді.

Қатаң режимде – бұрын қылмыс жасап отырып шыққандар, бас бостандығынан айыру жерлерде қылмыс жасағандар жазасын өтейді.

Ауыр қылмыстар – әдейі жасаған, қоғамға аса қауіпі тиген қылмыстар

Айғақ – қылмысты ашуға көмектесетін бірден-бір дәлелдемелер

Трасология – криминалистикалық сараптаманың ішіне кіретін сараптама.

Трасология іздері – соның ішінде – дөңгелектің протекторының ізі, тістің ізі және қылмыс жасаған адамдардың ізін сараптамадан өткізеді.

Судья – лауазымды тұлға. Әділ сотты жүзеге асырушы. Судья тәуелсіз, дербес, тек заңға ғана жүгініп жұмыс жасауы тиіс.

Тергеуші – ішкі істер органдары, прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік органдарының лауазымды тұлғасы. Әр органның тергеушісі заңға сәйкес қылмыстың түрі, болған жеріне қарай жұмыс жасайды.

Іздеу – тергеушінің анықтамасы бойынша бас бостандығынан айыру мекемелерінің заңынан қашып жүрген және жасаған қылмысынан жалтарып жүргендерді іздеу іс-әрекеті.

Детерминант – анықтағыш, негіздегіш

Дилетант – үстірт, нәрсені тек үстірт біліп істейтін адам

Дилетант – үстірт, әр істі үстірт біліп істейтін адам

Санкция – құқық нормасы белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін қолданатын шара

Цивилист – азаматтық құқықтың маманы

Аргумент – дәлелдеме

Стихия – күтпеген жағдай.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Васильев В.Л. Юридическая психология. Л., 1974
2. Васильев В.Л. Юридическая психология. Л., 1991
3. Васильев В.Л. О значении судебной психологии в работе следственных органов. Правоведение. 1965. №2.
4. Жалпы психология, Алматы, Білім, 1993.
5. Васильев В.Л. Организация рабочего места и рабочего времени следователя. Л., 1980
6. Васильев В.Л. Психология осмотра места происшествия. Л., 1986
7. Васильев В.Л. Этика в юриспруденции и предпринимательской деятельности. СПб., 1995
8. Еникеев М.И. Основы общей и юридической психологии. М., 1996
9. Коченов М.М. Судебно-психологическая экспертиза. М., 1977
10. Под ред. Петровского А.В. Общая психология
11. Кузнецов А.В. Уголовное право и личность. М., 1977

Мазмұны

Кіріспе.....	3
I бөлім. Құқықтық психология	
Заң психологиясының пәні және жүйесі.....	5
Заң психологиясының әдістемелік негіздері.....	6
Жеке адам психологиясы туралы жалпы түсінік	
Эмоция және ерік.....	12
Мінез және темперамент.....	13
Этика – психологиялық анализдің экономика аясындағы арақатынасы.....	15
Заң еңбегінің психологиясы	
Заң еңбегінің психологиясының мақсаты және мәні... ..	18
Қысқаша соттық профессиограмма.....	23
Тергеушінің психологиясының камерлік аспектілері.....	27
II бөлім. Қылмыстық психология	
Тұлғаны психологиялық топтау.....	29
Қылмыстық психология – тұлғалық қылмыскер психологиясы.....	31
Қылмыстың болдырмауын алдын-алу жолдары.....	34
Жәбірленушінің психологиясы	
Жәбірленушінің психологиясының сипаттамасы.....	39
Кәмелетке толмағандар психологиясы	
Құқықтық психологиядағы кәмелетке толмағандар мәселелері.....	42
Тергеу жүргізу барысындағы психологиялық сұрақ – жауап.....	49
Психологты консультант, маман және эксперт ретінде пайдалану.....	63
III бөлім. Сот іс жүргізу психологиясы	
Сот іс жүргізуінің жалпы психологиял мінездемесі... ..	65
Соттық процесстің жалпы психологиялық мінездемесі.....	78
IV бөлім. Азаматтық іс жүргізу психологиясы	
Азаматтық сот өндірісіндегі соттық-психологиялық сараптаманың кезеңдері, методтары және процедуралары.....	80

Сот өндірісіне азаматтық істерді әзірлеудің психологиялық аспектілері.....	83
Сот отырысы ұйымының психологиялық аспектісі....	85
Азаматтық процестегі жеке тұлғалар арасындағы психология.....	86
Азаматтық іс жүргізудің психологиялық мәселелері	
№1 тараптардың азаматтық іс жүргізудегі тұғырнамасы және олардың белсенділігі.....	87
Жалпы заң психологиясы пәнінен қорытынды сұрақтар.....	89
Жалпы заң психологиясы пәнінен тестік сұрақтар Схемалар.....	94
Заң психологиясының қысқаша сөздігі.....	102
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	103